



ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Италия Президенті Серджо Маттарелламен жүздесті. Әуелі Ақордада құрметті қонақты салтанатты қарсы алу рәсімі өтіп, Президенттер бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Бұдан кейін екі тарап келіссөз жүргізуге көшті. Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың Қазақстанға сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін беретінін атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл сапар Қазақстан мен Италия арасындағы достық пен бұрыннан келе жатқан серіктестікті растайды.

— Президент мырза, Сізді мәртебелі мейман ретінде қарсы алғанымға қуаныштымын. Қазақстанға жасаған алғашқы сапарыңыз ынтымақтастығымыздың жаңа парағын ашатыны сөзсіз. Қазақстан мен Италия арасында тығыз ықпалдастық орнаған. Сіздің еліңізге құрметіміз ерекше. Өзара сауда дәйекті түрде дамуда. Біздің экономикалық байланыстарымыздың негізі берік. Түрлі саладағы қарым-қатынасымыз жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы ретінде екіжақты ықпалдастықты нығайтуға үлес қосуға әзірмін, — деді Қазақстан Президенті.

Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, өзара қарым-қатынасты одан әрі арттырудың маңызына тоқталды.

— Сіздің былтыр қантар айында Римге жасаған сапарыңыздан кейін Астанада кездескеніме қуаныштымын. Өзіңіз атап өткендей, елдеріміз арасындағы қарым-



қатынас ұдайы нығайып, тығыз әрі табысты сипат алды. Екі елдің сауда-экономикалық, мәдени салалардағы ынтымақтастығы жылдан жылға ілгерілеуде. Университеттер арасында серіктестік жолға қойылғанын көріп отырмыз. Достық көңіліңізге алғыс айтамын, — деді Италия Президенті.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттары, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдаланып, Италия Премьер-министрі Джорджа Мелониге сәлемі мен ықыласын жолдады.

Одан әрі Қазақстан мен Италия президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастық берік саяси диалогқа, қарқынды экономикалық серіктестікке және тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарға арқа сүйейтінін атап өтті. Серджо

Маттарелланың Астана мен Рим арасындағы серіктестікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосқанына назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Римге жасаған ресми сапары барысында Қазақстан—Италия ынтымақтастығына тың серпін берген маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне тоқталды.

— Италия Қазақстанның үш ірі сауда серіктестерінің бірі болып қала береді. Экономикалық ықпалдастығымыз өте қарқынды дамып келеді және оны одан әрі арттырудың әлеуеті зор. Сіздің еліңіздің экспорты ұлғайту жөніндегі жоспарын құптаймыз. Италияның соңғы жиырма жылда экономикамызға құйған инвестициясы 7,6 миллиард долларға жетті. Бүгінде қазақ жерінде 250 италиялық компания табысты жұмыс істеп жатыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – БАСЫМ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан тағайындалған Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевті қабылдады.



Президент кездесуде ұлттық цифрлық инфрақұрылымды одан әрі өркендету, экономика мен әлеуметтік саланың негізгі бағыттарына жасанды интеллектің енгізу, сондай-ақ азаматтар мен бизнес үшін мемлекеттік цифрлық қызмет көрсетудің сапасын арттыру жөнінде тапсырма берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ЖИ мен цифрлық технологиялар бойынша еңбек ететін білікті мамандар даярлау мәселесіне баса назар аударды. Мемлекет басшысы жоғары технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және Қазақстанның өңірлік цифрлық хаб ретіндегі орнын нығайту қажеттігін атап өтті.

Премьер-министрдің орынбасарына Жолдауда белгіленген Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі басым мақсаттарды нақты іске асыру жүктелді.

ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ТИІМДІ ІСКЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованы қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен ұлттық жобаларды тиімді іске асырудың маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ Президент білім беру сапасын арттыру, саладағы өзекті мәселелерді уақытылы шешу және азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату қажеттігіне назар аударып, нақты міндеттер жүктелді.

ТАҒАЙЫНДАУ



Мемлекет басшысының Жарлығымен Жаслан Хасенұлы Мәдиев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Жұлдыз Досбергеноқызы Сүлейменова Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Жандос Жәнібекұлы Өмірәлиев Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Ернар Лазар Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық мәселелер жөніндегі кеңесшісі болып тағайындалды.

НАРЫҚ

БАС-БАСЫНА БАНК БОЛҒАН ӨҢКЕЙ «КӨКЕ»...

Елде банк реформасы басталды. Ол былтыр қолға алынғанымен, қарқыны тым баяу еді. Биыл Президент жаңа Жолдауында тиісті заң жобасын пысықтауды тездетіп аяқтауды және оны жыл соңына дейін қабылдауды тапсырды. Жаңа заң экономикалық процестерді жандандыруға, банк жүйесін ашық және тұрақты етуге, сондай-ақ қаржы технологиялық (FinTech) сектордың дамуын қолдауға тиіс.

(Жалғасы 4-бетте)



МӘДЕНИЕТ ПЕН ТУРИЗМНІҢ ТОҒЫСЫ

Кеше Қазмедиа орталығында Voice Beyond Horizon халықаралық жобасының таныстырылымына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Бұл ауқымды жобаны Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайбергennің бастамасы мен ҚХР-дың Hunan Broadcasting System бірлесе қолға алып, жүзеге асырып отыр.

→ 8



«ШӘКӘРІМ» ДРАМАСЫ – РУХАНИ АЙНА

Жуырда Музыкалық жас көрермен театрының «Шәкәрім» музыкалық драмасының премьерасы өтті. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай көрерменге ұсынылған туындының авторы – Ермек Аманшаев, режиссері – Асхат Маамиров. Премьера Қаллеки театрында сахналанып, зал үш күн қатарынан көрерменге лық толды.

→ 8



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы ынтымақтас-тықты тереңдетудің перспективті бағыт-тарын айқындады. Оның ішінде аса маңызды шикізат материалдары, мұнай химиясы, машина жасау, көлік-логис-тика, жеңіл өнеркәсіп, тағам өнімдерін қайта өңдеу, жасанды интеллект, қаржы, туризм және білім беру салаларына баса мән берілді.

Тараптар екі ел БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар аясында бел-сенді ықпалдастық орнатқанын атап өтті. Жемісті жұмыстардың үлгісі ретінде «Орталық Азия плюс» диалог аланын, сондай-ақ биыл мамыр айында Астанада өткен «Орталық Азия—Италия» бірінші саммитін айтуға болады. Қазақстан тарапы Италияның аталған бастаманы іске асы-руға қолдау көрсеткенін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Пре-мьер-министрі Джорджа Мелонимен өткен достық кездесуді, сондай-ақ оның Астана халықаралық форумында басты спикер ретінде баяндама жасағанын ықыласпен еске алды. Кездесуде тарап-тар мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелеріне де ерекше көңіл бөлді. Осы орайда Қазақстан Президенті Астананың орталық көшелерінің бірін саяхатшы Марко Поло есімімен атау жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, мұны қос мемлекеттің берік достығының сим-волы ретінде қарастыратынын мәлімдеді.

Италия Президенті серіктестікті одан әрі нығайтудың маңызын атап өтіп, екі ел арасындағы сенімді диалог пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан үлесі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын жеткізді.

— Біз үшін бұл сапардың мәні зор. Сіздің былтыр Римге жасаған сапарыңыз өзара қарым-қатынастың маңызды ке-зеңі ретінде ынтымақтастығымыздың одан әрі нығаюына берік негіз қалады. Бұл қадамдар серіктестігімізге барлық бағытта ерекше сипат береді. Мәдениет саласындағы ықпалдастығымыз белсенді дамып келеді. Италия Орта Азиядағы алғашқы мәдениет орталығын Астанада ашқан болатын. Елорданың бір көшесін Марко Полоның құрметіне атау туралы ұсынысыңыз қос мемлекеттің байланы-

сын одан әрі тереңдетуге бейіл екеніңізді көрсетеді. Бұл қолдауыңыз үшін Сізге шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Серджо Маттарелла.

Келіссөз соңында тараптар Прези-дент Серджо Маттарелланың ресми са-пары Қазақстан—Италия қарым-қатына-сы тарихының жаңа парағын ашатынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан және Италия арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқаны үшін Президент Серджо Маттареллаға І дәрежелі «Дос-тық» орденін салтанатты түрде табыста-ды. Сондай-ақ бұл қазақ елінің шынайы құрметі, барша Италия халқына деген достық пейілі мен ыстық ықыласының айғағы екенін жеткізді. Мемлекет бас-шысы Италия Президентіне халықтың қолдауына ие болған қосбасшы, әлемге танымал беделді саясаткер деп баға берді.

— Сіз еліңіздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңіріп келесіз. Бүгінде Италия барлық салада толайым табысқа жетті. Әлемдік қосбасшылар қатарына кіретін мемлекеттің бірі. Еліңізде экономика, инновациялық технология саласында тың жобалар жүзеге асырылып жатыр. Экология, «жасыл» энергетика бағы-тында озық бастамаларыңыз бар. Ита-лияның терең тарихы, бірегей мәдени мұрасы — бүкіл адамзаттың құнды қазы-насы. Сіздер аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтау ісінде маңызды рөл атқарып жатсыздар. Халықаралық мәселелерді шешуге белсене атсалы-сып келесіздер. Бұл — Сіздің саликалы саясатыңыздың жемісі. Өзіңіздің бас-шылығыңызбен Италия алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың екі ел қарым-қа-тынасын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

— Саяси диалогымыз жоғары деңгей-де жүріп жатыр. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыс қарқынды дамып келеді. Көпжақты құрылымдар аясында тығыз ықпалдастық орнаттық. Мен Сіздің бұл бағыттағы еңбегіңізді ерекше бағалаймын. Бірлес-кен күш-жігеріміздің арқасында қос

халықтың достығы нығая береді. Бүгінгі келіссөздер мен уағдаластықтар стра-тегиялық серіктестігімізді күшейте түседі деп ойлаймын. Біз осы жолда бірлесіп әрекет етуге дайынбыз, — деді Президент.

Ал Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа Италияның ең жоғары наградасы — «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденін тапсырды.

— Еліміздің бұл жоғары наградасы Италиямен достық қатынасты нығайтуға үлес қосқан мемлекеттер басшыларына ғана беріледі. Сіздің әлемдік тәртіпті қамтамасыз етуге және бейбітшілікті қол-дауға бағытталған қызметіңізді жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Италия мен Қа-зақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ұдайы атсалысып келе жатқа-ныңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сізге табысталып отырған бұл марапат — біздің Республикамызға сіңірген еңбегіңіздің бағасы, — деді Италия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Мат-тарелланың қолынан Италияның жоғары мемлекеттік наградасын алу зор мәртебе екенін жеткізіп, алғыс айтты.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Италия Президенті Серджо Маттарелла БАҚ өкілдеріне арналған бірлескен мәлімдеме жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді стратегиялық серік-тесі екенін атап өтті. Қос мемлекеттің түрлі бағыттағы ынтымақтастығы уақыт өткен сайын арта түсуде.

— Саяси диалогымыз жоғары деңгейде жүріп жатыр. Сауда-экономика саласын-да берік ықпалдастық орнаттық. Былтыр екі ел арасындағы алыс-беріс көлемі 20 миллиард долларға жетті. Биылғы 8 айда бұл көрсеткіш 11,3 миллиард доллар бол-ды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Итали-я Президентімен мазмұнды келіссөз жүргізілгеніне назар аударды. Кездесуде Президенттің былтыр Римге жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысын талқылаған. Сонымен қатар тараптар ықпалдастықты күшейтудің жаңа бағыт-тары туралы әңгімелескен.

— Өзара сауда-саттық көлемін одан әрі арттыруға келістік. Тауар түрін кө-

бейту үшін, ең алдымен, іскер топтардың байланысын одан әрі нығайту қажет. Бұл — маңызды міндет. Сондай-ақ біз екі елдің мүддесіне сай келетін жаңа инвестициялық жобаларды қарастыра-тын болдық. Әсіресе, энергетика, ауыл шаруашылығы, машина жасау, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібі салаларына баса назар аудардық. Осы жұмысқа екі елдің Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы баса мән беруі қажет деп санаймыз. Көлік-логистика саласындағы байла-нысты нығайту мәселесін пысықтадық. Халықаралық көлік дәліздерінің, соның ішінде Транскаспий дәлізінің әлеуетін сөз еттік. Логистика инфрақұрылымы және қайта өңдеу өнеркәсібі секто-рындағы ықпалдастық мүмкіндіктерін талқыладық, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттер цифрлық технология-ны экономикаға жаппай енгізудің маңы-зына тоқталып, жасанды интеллекті мен үлкен дерекқорларды пайдалануға қатыс-ты тәжірибе алмасу туралы пікірлескен. — Мен бұл салаларда бірлесе жұмыс істеуге дайын екенімізді жеткіздім. Ертең Президент Маттарелла аймақтағы ең ірі ІТ стартап паркі — Astana Hub-қа баратын болды. Еліміздің осы бағыттағы жетістік-терімен танысады. Бұған қоса, қаржы және туризм саласындағы тың жобалар-ды жүзеге асыру мүмкіндігін қарасты-руға уағдаластық. Жалпы, Қазақстан өз нарығында жұмыс істеуге ниетті Италия компаниялары үшін қолайлы жағдай жасауға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөз барысында мәдени-гумани-тарлық байланыстарды одан әрі нығайту ісіне мән берілген. Келесі жылы Ита-лияда «Көшпенділер алтыны» көрмесі өткізілмек. Сондай-ақ Неапольдегі көне Сан Карло театрында «Абай» операсын қою жоспарланған. Биыл Рим қаласында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы-ның мүсіні орнатылады. Президент игі бастамаға қолдау білдіргені үшін Италия халқына шынайы ризашылығын жеткізіп, мұны қазақтың мәдени мұрасына көр-сетілген құрмет пен шынайы достық пей-йілдің көрінісі деп қабылдайтынын айтты. Тараптар келіссөз кезінде білім саласына да айрықша тоқталғаны белгілі болды.

— Қазір Италияның үздік жоғары оқу орындарында Қазақстанның төрт мыңнан астам студенті білім алып жатыр. Сол үшін Италия Үкіметіне алғыс айта-мын. Биыл Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің негізінде Марке политехникалық университетінің филиа-лы жұмыс істей басталды. Оқу орны жас ұрпақтың жоғары сапалы білім алуына мүмкіндік береді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Серджо Маттарелламен бірқатар хал-ықаралық өзекті мәселе бойынша пікір алмасқанын жеткізді.

— Қазіргідей күрделі кезеңде қарулы қақтығыстардың ушығуына қатысты алаңдаушылық білдірдік. Қос тарап бар-лық түйткілді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына сәйкес бейбіт және сая-си-дипломатиялық жолмен шешу керек деп санайды. Қазақстан мен Италия халықаралық ықпалдастықты күшей-туге мүдделі. Жаһандық тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайту ісіне белсене атсалысуға дайын. Біз бір-біріміздің баста-маларымызды үнемі қолдап келеміз. Көпжақты дипломатияны одан әрі да-мытуға ерекше мән береміз. Осы орайда, «Орталық Азия—Италия» диалог аланы аймақтық деңгейдегі әріптестігімізді жандандыра түсері анық. Италия тарапы-ның бастамасымен оның алғашқы оты-рысы биыл Астанада өткенін білесіздер. Осылайша, халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастығымыз нығайып келеді. Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйы-мының Орталық Азия мен Ауғанстанды дамыту орталығын ашу туралы бастамаға қолдау көрсеткені үшін Италия тарапына зор алғыс айтамын, — деді Президент.

Серджо Маттарелла Италия мен Қа-зақстанның арасындағы берік достықты бекемдей түсу үшін Астанаға арнайы келгенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл сапар екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беріп, оны одан әрі өркендетуде маңызды рөл атқарады.

— Италия мен Қазақстанның ғасыр-лардан тамыр тартатын мәдени және тарихи дәстүрі бар, археологиялық және көркемөнер мұрасы өте бай. Бұл біздің гуманитарлық саладағы өзара ықпалдастығымызды тереңдетуге берік негіз қалайды, — деп түйіндеді Италия Президенті.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ИТАЛИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген Италия Республикасының Президенті Серджо Маттарелламен кездесті. Онда тараптар екі ел ынтымақтастығын арттырудың маңызын және пар-ламентаралық өзара іс-қимылды одан әрі нығайту мәселесін талқылады.

Сенат Төрағасы Италия делегациясына ілтипат білдіріп, екі мемлекет арасында ынтымақтастық орнағалы бері өзара сенімді саяси диалог қалып-тасқанын, сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық қарым-қатынас табысты дамып келе жатқанын атап өтті. Мәдени-гуманитарлық байланыстар да кеңейе түскені сөз болды. Кездесуде бұл тарихи сапар Қазақстан мен Италия арасындағы стратегиялық байланысты арттыруға тың серпін беретіні айтылды.

«Қазақстан—Италия ынтымақтастығы үшін ке-йінгі жылдар өте нәтижелі болды. Бұл ретте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың былтыр қантар айында Италияға жасаған ресми сапары мен Италия Премьер-министрі Джорджа Мелонидің биылғы мамырда Астанаға сапары нәти-желі болғанын атап өткен жөн. Мұндай байланыстар,

сондай-ақ Сіздің бүгінгі сапарыңыз мемлекетаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың жоғары қарқынын әрі қарай нығайта түседі деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат барысында Мәулен Әшімбаев пен Серджо Маттарелла «Қазақстан—Италия» достық топтары аясында заңнамалық тәжірибе алмасу және өзара іс-қимылмен бірге парламентаралық байланыстарды нығайту тетіктеріне де назар аударды.

Сонымен қатар тараптар Италияның Орталық Азиямен ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Нақты айтқанда, кездесуде Астанада өткен «Орталық Азия—Италия» бірін-ші саммиті, оның нәтижесінде қол жеткізілген келіссөздер түрлі салада көпжоспарлы ынты-мақтастықты дамытуға жол ашқаны әңгімеге арқау болды.



Сенат Төрағасы рухани дипломатияны дамытудың маңызына да мән берді. Ол Әлемдік және дәстүрлі дін-дер көшбасшылары съезі көздеген мақсаттарға жету жо-лында Италияның рухани лидерлері үлкен үлес қосып келе жатқанын айтып, ризашылығын білдірді. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Рим Папасы Францисктің

Қазақстанға алғашқы апостолдық сапары Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін айтулы оқиға болды.

Өз кезегінде Италия Президенті Қазақстандағы әлеу-меттік-экономикалық және саяси өзгерістерге жоғары баға беріп, екі ел ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты.

ПАРТИЯАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Жуырда «AMANAT» партиясының Мәжілістегі фракция депутаттары ресми сапармен Ресей Федерациясына барды. Халық қалаулылары «Единая Россия» партиясының өкілдерімен және Мемлекеттік Дума депутаттарымен мемлекетаралық әрі партияаралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Барлық іс-шарада делегацияны Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаев алып жүрді.



«Единая Россия» партиясының Бас кеңесі мүшелерімен кездесуде Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыс жыл өткен сайын беки түскенін атап өтті. Оның айтуынша, қос елдің көпғасырлық достығы мен ортақ тарихы ынтымақтастықтың берік іргетасы болып отыр. Мемлекеттер басшыларының бірлескен күш-жігерінің арқасында екіжақты серіктестік жана даму кезеңіне көтерілді.

Елнұр Бейсенбаев билеуші әрі жетекші партиялар ретінде «AMANAT» пен «Единая Россия» әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық байланыстарды нығайту жолында тірек болуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі де, сыртқы саясатта да диалог пен сенімнің маңызын үнемі атап көрсетеді. Біздің партиялар арасындағы ынтымақтастық та осы қағидаттарға негізделген. Партиялық дипломатия — халықаралық қатынастардың маңызды бөлігі. Біздің партияларды көпжылдық қарым-қатынас байланыстырады. Келер жылдың наурыз айында «AMANAT» пен «Единая Россия» арасындағы партияаралық ынтымақтастыққа 20 жыл толады. Осы жылдар ішінде өзара әріптестік тұрақты дамып, нығайып келеді», — деді ол.

Өз кезегінде «Единая Россия» партиясының Бас кеңесі хатшысы Владимир Якушев халықаралық аренада Қазақстан мен Ресейдің ең жакын одақтас екенін, олардың өзара ықпалдастығы азаматтардың әл-ауқатына, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікке ықпал ететінін айтты.

«Екі ел арасындағы қарым-қатынастың негізінде өткен дәуірлерден қалған бай мұра мен соңғы онжылдықтардағы жетістіктер жатыр. Қоғамдық дипломатияға серпін беріп отырған — Владимир Путин мен Қасым-Жомарт Тоқаев арасындағы сенімді қарым-қатынас. Олар түрлі деңгейдегі байланыстарға бағыт-бағдар беріп отыр. Бүгінгі кездесуіміз партияаралық ынты-

мақтастықты жаңа деңгейге көтереді деген сенімдеміз. Ал келісім базасының жаңартылуы оның тұрақты дамуына жол ашды», — деді ол.

Жиын барысында жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесіне де баса назар аударылды. Осыған байланысты ресейлік тарап мұндай бағыттағы бірлескен іс-шараларды «Молодая Гвардия Единой России» және «Жастар Рухы» алаңдарында өткізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Кездесу соңында тараптар 2026—2028 жылдарға арналған ынтымақтастық туралы хаттама әзірлеуге уағдаласты.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясының фракция делегациясы Мемлекеттік Думадағы «Единая Россия» фракциясының депутаттарымен кездесті. Делегация жетекшісі Елнұр Бейсенбаев ресейлік әріптестеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалар туралы айтты.

«Біз «Әділетті Қазақстанды» құрып жатырмыз, мемлекеттік билік институттарының негізін нығайтып, әкімдерді сайлау жүйесін енгізудеміз. Алдағы үш жылда еліміз цифрлық мемлекетке айналуға тиіс, ал жасанды интеллект барлық саланың дамуына қозғаушы күш болады. «AMANAT» партиясы осы реформаларды ілгерілету бағытында белсенді жұмыс істеп, ірі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда», — деді ол.

Өз кезегінде «Единая Россия» фракциясының жетекшісі Владимир Васильев кездесу Ұлы Женістің 80 жылдығы кезеңінде өтіп жатқанын айрықша атап өтті. Ол Қазақстан халқы фашистік Германияны жеңуде зор үлес қосқанына баса көңіл бөлді.

«Единая Россия» мен «AMANAT» — парламенттік көпшілікке ие партиялар. Бұл — жоғары сенімнің белгісі әрі сайлаушылар алдындағы үлкен жауапкершілік. Біздің фракциялар заң шығару саласында мол тәжірибе жинақтады, оны өзара бөлісу аса маңызды», — деді ол.

«ҚАЛБАТАУ–МАЙҚАПШАҒАЙ» ТАСЖОЛЫ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Қазақстанда ондаған жыл бойы шешімін таппай келген маңызды инфрақұрылымдық жоба – «Қалбатау–Майқапшағай» тасжолын жөндеу жұмысы аяқталды.

Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары ұзақ жылдан бері шешімін таппаған «Қалбатау–Майқапшағай» тасжолы мәселесін шешу үшін Үкіметке бірнеше рет тапсырма берген болатын. Тозығы жеткен күрежолдың жөнделіп, қайтадан қолданысқа берілуін тұрғындар жылдар бойы күтіп жүрді.

Бүгінде «AMANAT» партиясының атсалысуымен халықаралық маңызға ие «Қалбатау–Майқапшағай» тасжолына асфальт төселді. Бұл маңызды инфрақұрылымдық жоба «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ және China Xinxing Group компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылды. Жалпы, ұзындығы 415 шақырымды құрайтын автожолдың 184 шақырымы облыс аумағынан өтеді.

Автожолды толық аяқтау 2022 жылға жоспарланған болатын. Алайда пандемия мен құрылыс материалдарының қымбаттауы жұмыстың қарқынын тежелді. Бұған қоса, 2021 жылы мердігер ұйымның салғырттығы салдарынан өз мерзімінде аяқталмады. Осыған қарамастан, партия депутаттарының тұрақты бақылауы негізінде жобаны аяқтау күн тәртібінен түспей, нәтижесінде биыл жоба жүзеге асырылды.

Депутат Ерлан Саировтың айтуынша, «Қалбатау–Майқапшағай» автожолының абаттандыру жұмысы ғана қалған. Бұл жоба Семей, Өскемен, Зайсан және Майқапшағай қалалары арасындағы көлік



қатынасын айтарлықтай жақсартып, тұрғындардың өмір сапасын арттырады.

«Бүгінде жолдың екі жағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жоба толығымен аяқталғаннан кейін, аталған аймақтар арасындағы көлік қатынасы қауіпсіз әрі ыңғайлы болады. Бұл — халықтың жеңісі! Сондықтан халықты осы қуанышты жаңалықпен шын жүректен құттықтаймын», — деді депутат.

Бұл жол тек өңірдің көлік логистикасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға тікелей ықпал етеді. Депутат Ерлан Саировтың айтуынша, елімізде жол апаттары жыл сайын артып келеді: 2025 жылдың бірінші жартысында 15 698 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 22 346 адам зардап шеккен, 1 466 адам қаза тапқан. Бұл қайғылы жағдайлардың көпшілігі республикалық маңызы бар трассаларда болған. Сондықтан жаңа жолдың іске қосылуы апат санын азайтып, қауіпсіздікті арттыруға жол ашадy.

Аталған автожол қолданысқа берілген соң, ол өңірдің экономикалық дамуына

да елеулі серпін береді. Біріншіден, сапалы жол көлік қозғалысын жеделдетіп, жүк тасымалдау шығындарын азайтады. Екіншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңірлік және шекаралық нарықтарға жеткізу әлдеқайда жеңілдейді. Үшіншіден, аймаққа жана инвестициялар тартуға, өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік туады.

Жобаның әлеуметтік маңызы да зор. Сапалы жол ауылдар арасындағы логистикалық байланысты нығайтып, білім, медицина және басқа да әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті жеңілдетеді. Бұл — халықтың тұрмыс сапасын тікелей арттыратын нақты қадам.

Сонымен қатар «Қалбатау–Майқапшағай» автожолы халықаралық маңызға ие транзиттік дәліздің бір бөлігі ретінде еліміздің көлік-логистика саласындағы әлеуетін арттырады. Ол Қазақстанның Қытаймен шекарадағы ірі өткізу бекеттерінің біріне тікелей апаратын жол болғандықтан, сыртқы сауда көлемін ұлғайтуға, экспорт пен импорт айналымын жеңілдетуге сеп болады.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ЗИЯНДЫ ЖАРНАМАҒА – ЗАҢДЫ ТОСҚАУЫЛ

Астанада прокуратураның үйлестіруімен қалалық полиция есірткі қылмысына қарсы айлық өткізіп жатыр. Сарайшық ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен қоғамдық орындардағы күмәнді мазмұндағы граффитиді бояп, жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлық насихатының алдын алу бойынша рейдтік іс-шара өтті.

Қоғамдық тәртіпті қадағалау мақсатында өткен рейде депутаттар, аудандық полиция басқармасының қызметкерлері, аудандық прокуратура өкілдері, сондай-ақ «Жастар Рухы» жастар ұйымының мүшелері қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жасырын жарнамалар, граффитилер көбінесе көпірлердің астында, тұрғын үйлердің қасбеттерінде, трансформаторлық қосалқы станцияларда салынады. Сондықтан мұндай қаптарыстардағы жазуларды өшірудің өзіндік себептері бар.

«Бүгінгі шараның басты мақсаты — қала көшелерін күмәнді мазмұндағы жазулардан тазарту ғана емес, сонымен қатар құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу. Көше қабырғаларындағы мұндай граффитилер кей жағдайда заңға қайшы

үгіт-насихатқа, жастардың теріс бағытқа бет бұруына себеп болуда. Сондықтан біз тек бояп, тазалап қана қоймай, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын да жүргізіп жатырмыз. Қала — біріміздің ортақ үйіміз, оны таза әрі қауіпсіз ұстау — әрбір азаматтың міндеті», — деді Сарайшық аудандық полиция басқармасының номері 68 полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты полиция майоры Нұрлан Жұмаділов.

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында елордада есірткі қылмысына қарсы айлық жалғасуда. Құқық қорғау органдары бірлескен рейдтер өткізіп, оқу орындарында профилактикалық кездесулер ұйымдастыруда, сондай-ақ тыйым салынған заттарды тарататын интернет-ресурс-

тарды анықтау және жою жұмыстарын жүргізіп жатыр.

— Президенттің «Заң мен тәртіп» қағидатын қалыптастыру туралы тапсырмасы аясында жастар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау іс-шарасы ұйымдастырылуда. Бұл жолы Аркар көпірінің астындағы түрлі жазуларды және есірткі қылмысын насихаттайтын жасырын жарнамаларды өшіру акциясы өтті. Қазір ең өзекті проблемалардың бірі — синтетикалық наркотиктің таралуы. Сондықтан да біз оның алдын алу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Ол тек қана жазуларды өшіру секілді акциялармен тоқтамайды, идеологиялық тұрғыда да жастармен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Оған полиция мен прокуратура өкілдері де қатысады. Өйткені кейбір жастар ақпараттың жеткіліксіздігінен қиын жағдайларға ұшырап қалып жатады, — деді Астана қалалық мәслихат депутаты Мағұм Арсланбек.

Сарайшық аудан аумағында бұған дейін «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Назар аударыңыз, балалар!», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім», «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылып, жастар және жасөспірімдер арасында құқықтық тәртіпті сақтау бойынша акциялар өткен-ді.

Тілегүл ЕСДӨУЛЕТ

ТАМШЫНЫ САҚТАЙТЫН ТЕХНОЛОГИЯ



Алматылық оқушы Дана Қадырбек атмосферадан су жинаудың тың әдісін ойлап тапты. Инновациялық жобаның экологиялық маңызы зор. Себебі бұл құрылғы су тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қазір Дана мегаполистегі №79 гимназияның 11-сыныбында оқиды. Жас өнертапқыш осыған дейін Оңтүстік Кореяда

өткен әлемдік олимпиадада 36 елден келген 2 000 қатысушының арасынан суырылып шығып, жеңіс тұғырынан көрінген. Халықаралық долада Дана ұсынған инновациялық құрылғы қазылар алқасының көзіне түсіп, шетелдіктердің назарын аударды.

Технологияның негізі заманауи наноматериалдан тұрады. Дана ең алдымен оны зертханада синтездеп, кейін құрылғының прототипіне енгізген. Оның сөзінше, мұндай құрылғы орталықтандырылған жүйесі жоқ немесе су жеткізу құны тым қымбатқа түсетін ауылдық аймақтарда автономды сумен қамту көзі бола алады. Жоба электр желісініз жұмыс істеп, күн сайын қажетті көлемде таза ауызсу өндіруге қауқарлы.

— Әлемде су тапшылығы уақыт өткен сайын өзекті мәселеге айналып отыр. Әсіресе, бұл Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде айқын сезіледі. Сондықтан маған күрделі инфрақұрылымды қажет етпейтін әрі автономды түрде жұмыс істей алатын, суға қолжетімділігі шектеулі өңірлерде адамдарға көмектесетін құрылғы ойлап табу маңызды болды. Осылайша, атмосферадан су жинайтын құрылғы туралы идея пайда болды, — деді ол.

Дананың өнертабысы қазірдің өзінде жарты литр су шығарады. Ол келешекте су мөлшерін 2 литрге арттыруды көздеп отыр. Бүгінде Дана құрылғының өнімділігін арттыруға ден қойған. Осы мақсатта жас дарын жобаны қолданысқа енгізуге және оның ауқымын кеңейтуге көмектесетін акселерациялық бағдарламаға қатысып келеді. Жас өнертапқыштың құрылғысына Су ресурстары министрлігі де ерекше қызығушылық танытқан. «Бұл ынтымақтастық жобаны ұлттық деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп сенеміз», — дейді Дана.

— Өкінішке қарай, суды үнемдеу ережелері әрдайым сақтала бермейді. Мысалы, тіс жуу кезінде суды уақытша өшіре тұру немесе шаруашылықта суды қайта пайдалану сияқты қарапайым әдеттердің өзі шығынды азайтар еді. Сондықтан су ресурсын үнемді пайдалану туралы түсінігімізді арттыру маңызды, — деді Д.Қадырбек.

Алматы қаласындағы №79 гимназияның физика пәні мұғалімі, Дананың жетекшісі Әлия Серікбаева мұндай технологияны әзірлеу су саласында инновациялық серпіліс бола алатынын айтады. Өйткені осындай жобалар болашақта ел ғылымының дамуына және жоғары технологиялық жұмыс орындарының құрылуына ықпал етпек.

— Дана химия, биология, инженерия, экология және ақпараттық технологияларды біріктіріп, жаһандық мәселені шешуге талпынып отыр. Жобаның ғылыми құндылығы техникалық шешімінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық білім базасын қалыптастыруда көрініс табады. Бұл тұрақты дамуға, ғаламшарымызды сақтауға үлес қосады. Жоба шалғай елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз етуге, энергияны үнемдеуге көмектеседі, — деді Әлия Серікбаева.

Сарапшылардың айтуынша, алюминий мен фумар қышқылы — арзан әрі тез табылатын материалдар. Олар заманауи технологияларды өндірісте кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Ең бастысы, бұл заттар улы емес әрі табиғатқа залал келтірмейді.

— Алюминий фумараты негізінде жасалған құрылымдар суды жақсы сіңіреді. Мұндай материал көп энергияны қажет етпейді. Бұл, әсіресе, шалғайдағы аймақтар үшін өте маңызды. Ауадағы ылғалды жинау әдісі суы тапшы, климаты құрғақ аймақтар үшін тиімді шешім болмақ, — деді ұстаз.

Маман сөз соңында инновациялық әдісті әрі қарай жетілдіру үшін материалдың қасиеттерін сынақтан өткізуге арналған заманауи зертханаларды пайдалану қажет екенін жеткізді. Бұл ретте ол Қазақстандағы оқу орындарының ел ішіндегі және шетелдегі ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық орнатуы аса маңызды екенін қоса айтты.

— Жобаның табысты дамуы үшін мемлекет тарапынан қаржылай қолдау маңызды екенін айтқым келеді. Сонымен қатар зертхана мүмкіндіктері, инженерлік көмек және ақпараттық-ағартушылық жұмысын қолға алу қажет. КБТУ-дағы әріптестеріміз Асылзат Искалиева мен Ринат Жәнібековтің көмегімен шоқіртміз Дана теорияны іс жүзінде сынап көрді. Осындай ынтымақтастық пен жас мамандарды дайындаудың арқасында біз алюминий фумаратына негізделген жана материалдар арқылы ауадан су жинау технологиясын қолданысқа енгізе аламыз. Бұл инновациялық идеяны нақты жұмыс істейтін, Қазақстанға пайдасын тигізетін технологияға айналдыруға жағдай жасайды деп сенемін, — деді физика пәні мұғалімі Ә.Серікбаева.

КӨКЕЙКЕСТІ

30 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

НАРЫҚ

БАС-БАСЫНА БАНК БОЛҒАН ӨҢКЕЙ «КӨКЕ»...

(Басы 1-бетте)

А Елдос СЕНБАЙ
65 ТРИЛЛИОННЫҢ
ІГІЛІГІ ҚАЙДА?

Мемлекет басшысы Жолдауында бан-кирлерді сынға алды. Ол жана инвести-циялық кезенді ойдағыдай бастау маңыз-ды екенін нықтады. Бұл жағдайда ішкі ресу-рстарды барынша жұмылдырған жөн. Алайда отандық банктер нақты секторға белсенді түрде қаржы салудан, инвестиция құюдан аяқ тартып отыр.

Қаржыгерлер оларды осыған заң жү-зінде міндеттеуді ұсынады. Көрші Ресей соның арқасында соғысқа және жойқын санкцияларға карамастан, экономикасын дамытып отыр. Ал Қазақстанда жыл, ай, күн емес, секунд сайын байыған банк секторы күрделі шақта мемлекетке кө-мектескені байқалмайды. Үкімет амалсыз сырттан қаптағып қарыз алу үстінде. Осы орайда Президент банктердің негізсіз байып жатқанын ескертті.

— Бұл мәселе қоғамда баяғыдан қызу талқыланып жатыр. Осы жұмысты көп созбай қолға алу кажет. Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты да-мыған елдерге карағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі! Себебі біздің банктер экономикаға несие берген-нен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыт-тарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр. Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барын-ша тартудың тиімді тәсілдерін тапсын! Енді бұл мәселені созуға болмайды, шү-ғыл шешу кажет, — деп тапсырма берді Қ.Тоқаев.

Ол банктер туралы жана заңды қабыл-дау да ұзап бара жатқанын айтты. Құжатта бәсекені күшейту, нарыққа жана қатысу-шыларды тарту, қаржы жүйесіндегі техно-логияларды ілгерілету және цифрлық активтер айналымын ырықтандыру мә-селелері қамтылғаны маңызды. Сондық-тан Президент Үкіметке Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, заң жобасын жан-жақты пысықтауды, ал депутаттарға оны жыл сонына дейін қабылдауды жүк-теді.

Былтыр даяр болғанымен, банктер туралы жана заң жобасы өткен аптада ға-на, 15 қыркүйекте Мәжілісте танысты-рылды. Заңды әзірлеуші Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Мәжіліс пен Сенатты қиын жағдайда қалдырып, тал-қылауды асықтыруға мәжбүр етті. Бұл ведомствоның дерегіне жүгінсек, Қазақ-станның банк секторында бүгінде екінші деңгейдегі 22 банк бар, оның 14-і — ше-телдік капиталдың қатысумен істейді.

Банктер байыған үстіне байып жатыр дегенге келсек, 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банк секторының ак-тивтері 65,1 трлн теңгеге жетті. Нәтиже-



сінде, тек бір ғана айда, шілдеден бері 246 млрд теңгеге артқан. 2025 жылдың басы-нан бері бірден 3,5 трлн теңгеге өсті. Мұ-най болмаса, мұнша ұшан-теңіз байлық әкелетін басқа бизнесті табу қиын. Банк-терде босқа жатқан 65 триллионнан астам қаржыны экономиканы дамытуға тиімді жұмсаса, елдің өркендеуі сұрапыл қарқын алар ма еді.

Қаржылық ұйымдар бос қаржыға отандық биржадан долларды молынан сатып алып, девальвациядан табыс таба-тынын қаржыгерлер бұрыннан айтып келеді. Содан несиелендіруге нұқсан ке-леді. Банктердің бизнес субъектілеріне берген бүкіл кредиті 14,1 трлн теңгені ғана құрайды.

Бұл жерде тағы бір мәселе бар: банктер беруін бергенімен, есесіне өте көп сыйақы сұрайды. Қаржылық реттеушінің мәліме-тінше, бизнес субъектілеріне ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа ставкасы 21,8%-ды құрады. Дара кәсіпкерлерді кан-қасқатуда екен: ірі бизнеске теңгедегі кредитін орта-ша 18,9%-бен берсе, жеке кәсіпкерлерден бірден 31,5% сыйақы талап етеді. Жалпы, депутаттардың айтуынша, Мәжіліске ең-гізілген банктер туралы жана заңда э-кономиканы мол әрі арзандау несиелендіруге мәжбүрлейтін баптар да, тетіктер де жоқ. Президент назар аудартқан соң, мұны парламентшілер енгізсе, құба-құп.

КҮЙЗЕЛІС БОЛСА, ҚАЙСЫСЫН ҚҰТҚАРАДЫ?

Қазақстан қаржылық-экономикалық дағдарыстар кезінде бұрынғыдай банктер-ді бюджет, Ұлттық қор, «Самұрық-Қазы-на» қоры есебінен құтқару тәжірибесінен толық бас тартпағанымен, оны шектеуі мүмкін. Қаржы нарығын реттеу агенттігі-нің төрағасы М.Әбілқасымованың мәлім-деуінше, баяғы дағдарыстар кезінде алған қаржысын қайтармаған банктер бар. Қарызы 1,3 трлн теңгені құрайды: Еура-зиялық банкте — 150 млрд, РБҚ банкін-де — 176,8 млрд, Alatau City Bank-те — 950,2 млрд, Nur Bank-те — 46,8 млрд теңге.

Жана заңда банкрот болуы мүмкін банктерді реттеу үшін жана тетік енгізіл-мек. «Қолданыстағы тәсілден негізгі айырмашылық — дағдарысқа қарсы ре-жимдердің айқын жүйесіне көшу. Ол әр-бір банктің қаржылық жағдайының на-шарлау дәрежесіне қарай дәйекті, ныса-налы түрде қолданылады. Реттеу тетігі 3 антикризистік режимнен тұрады: бірін-шісі — күшейтілген қадағалау, екіншісі — қаржылық орнықтылыққа қалпына кел-тіру, үшіншісі — төлемге қабілетсіз банкті реттеу не жабу. Режимдердің өзгеруі ал-дын ала белгіленген триггер бойынша жүзеге асырылады. Бұл реттеушінің уақ-тылы әрекет етуін қамтамасыз етеді», — деді М.Әбілқасымова.

Бұл тәсілдің мәнісі неде? Тіпті, дәуір-леп тұрған банктің өзі ауыр, банкроттық жағдайға түсіп қалса, не істейтінін нақты көрсетіп, егжей-тегжейлі өзіндік «Жол картасын» түзеді. Бұл құжатын банктер жыл сайын өзектілендіріп отыруға міндет-теледі.

— Мұнда банктердің қаржылық жағ-дайының нашарлауын болдырмау үшін банктердің «қалпына келтіру жоспарла-рын» және «реттеу жоспарларын» әзірлеу-ді көздейтін жана талаптар енгізіледі. Қалпына келтіру жоспары банкті дағда-рыстан шығару және төлем қабілетсіздігін болдырмау бойынша жан-жақты шара-ларды қамтиды. Мұндай жоспарларды әзірлеу және оны жыл сайын жанарту банктердің міндетіне айналады, — деді агенттік төрайымы.

Сондай-ақ жүйе құраушы банктердің «шығындарды сіңіру қабілетінің жеткілікті деңгейін қолдау талабы» деген енгізіледі. Осы тетік алпауыт қаржылық ұйымның төлем қабілетсіздігі туындаған жағдайда, оның міндеттемелерін, қарызын капи-талға айырбастауға мүмкіндік береді және сыртқы қолдау қажеттілігін азайтады.

Әйткенмен, осыдан кейін де жағдай оналмаса, мемлекет бұрынғыдай бәрібір көмекке келеді. М.Әбілқасымованың ай-туынша, мемлекеттің коммерциялық банктерді қолдауға қатысуы тек шектен тыс, шетін шара ретінде және жүйе құрай-тын маңызы бар банктерге ғана қолданы-латын болады. Мұндай жағдайда коммер-циялық банк толығымен немесе жартылай мемлекеттік банкке айналады. Яғни, мемлекеттен қанша млрд теңге көмек ал-са, соған тең көлемде акциясын мемле-кетке табыстауы керек. Ал қаржылық

шері мен меншікті капиталдың ең аз мөлшеріне шектеулер белгіленеді. Бұл ретте нақты шекті мәндер заңға тәуелді актілерде айқындалады. Қазір активтердің мөлшерін 500 млрд теңгеге дейін және капиталдың ең аз мөлшерін 10 млрд тең-геге дейін шектеу жоспарлануда, — деп хабарлады Мәдина Әбілқасымова.

Сонымен бір мезгілде осы шағын банктерге бақылау әлсіретіледі. Агенттік төрағасының сөзінше, пруденциялық нормативтер мен қадағалау талаптары бөлігінде төмендетілген пруденциялық нормативтер белгіленеді. Базалық лицен-зиясы бар банктерді қадағалау жеңілде-тіледі. Жыл сайын жасалатын «Қадағалап тексеру және бағалау процесі» бұларға жеңілдетілген түрде қолданылады. Инс-пекция жүргізу кезеңділігі және берілетін есептілік қысқартылады.

Мұндай жеңілдік беруге шенеуніктер неге барды? Бүгінде банк секторы шектел-ген, олигополияландырылған. 20,4 млн тұтынушысы бар қазақстандық нарық-та небәрі 22 банк жұмыс істейді, оның үшеуі — мемлекеттік (Отбасы банкі, Қа-зақстан даму банкі және ауыл-аймаққа қаржылық қызмет көрсететін Қазпошта). Салыстырғанда, үш еседей аз, 7,3 млн ғана халық тұратын Қырғызстанда 21 ком-мерциялық банк қызмет етеді. Сондықтан агенттік өкілдерінің айтуынша, бұл жеңіл-дік нарыққа жана банктердің келуіне жол ашуға тиіс.

Қаржылық реттеуші әмбебап банктер-де «исламдық терезелерді» ашу жоспар-ланғанын жария етті. Жана заңдар ислам-дық қаржыландыруды дамытуға жағдай жасауға бағытталған. Қолданыстағы ескі заңнама бойынша Қазақстанда исламдық банкінгті жүзеге асыруға жеке Ислам банкін құру арқылы ғана жол беріледі.



Қаржылық ұйымдар бос қаржыға отандық бир-жадан долларды молынан сатып алып, девальва-циядан табыс табатынын қаржыгерлер бұрыннан айтып келеді. Содан несиелендіруге нұқсан келеді. Банктердің бизнес субъектілеріне берген бүкіл кредиті 14,1 трлн теңгені ғана құрайды.

орнықтылығы қалпына келген соң банк инвесторға сатылады, ал ел қаражаты бюджетке қайтарылады.

БАНКТЕР «СОРТҚА» БӨЛІНЕДІ

Жана заң жобаларының тағы бір жаңалығы — Қазақстанда шартты түрде айтқанда «бірінші» және «екінші сортты» банктер пайда болады. Осы мақсатта ли-цензияның 2 түрі енгізіледі: базалық және әмбебап. Мұның әрқайсысына арнап, рұқсат етілген операцияларының көлемі мен реттеушілік талаптар деңгейі бөлек-бөлек бекітіледі. Мысалы, базалық лицен-зиясы ғана бар банк тартымды пайыз-дарымен халықтан мол депозит тартса және орасан зор несие таратса, сол арқы-лы өз активінің ауқымын шамамен жарты трлн теңгеден асырып алса, қаржылық реттеуші одан енді әмбебап лицензия алуын талап етеді.

— Базалық банктік лицензиясы бар банктер үшін активтердің ең жоғары мөл-

Сала дами алмады, елде бар-жоғы екі ис-лам банкі жұмыс істейді — шетелдік «Абу-Даби коммерциялық банкі» және қазақ-стандық Заман банкі. Олардың банк жүйесінің активтері мен кредиттік порт-феліндегі жиынтық үлесі 0,5%-дан аз. Ал «Исламдық терезелер» моделі банктерге жеке банкті құрмай, өз құрылымында ар-найы бөлімшелер ашу арқылы исламдық өнімдерді ұсынуға мүмкіндік бермек.

Жалпы алғанда, банктер туралы жана заң жобасында технологиялық өзгерістер, экономиканы қаржыландырудағы банк секторының ролін арттыру, бәсекелестікті күшейту және нарыққа жана қатысушы-ларды тарту, сондай-ақ қаржы техноло-гияларын ілгерілету, цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесін бекіту, цифрлық активтердің айналымына қойылып кел-ген біраз тыйым мен шектеуді жою мәсе-лелері ескеріледі. Парламентте талқылау барысында депутаттар құжаттарды қажет-ті жана баптармен, тегеурінді тетіктермен толықтырса игі.

ФОРУМ

ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАРДЫ БІРІКТІРГЕН БАСҚОСУ

Қарағандыда Қазақстаннан және шет мемлекеттерден келген мыңға жуық жас маман, студент, кәсіпорындар мен білім беру ұйымдарының өкілдерінің басын қосқан Халықаралық жұмыс-шы жастар форумы өтті. «Ұрпақтан-ұрпаққа: болашаққа жол бүгіннен басталады» атты форум аясында жұмыспен қамту, мансаптық өсу, кәсіби даму мәселелері талқыланып, қатысушы-лар тәжірибе мен идея алмасып, болашақ серіктестікке негіз болатын жаңа байланыстар орнатты. Қонақтар қатарында АҚШ, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген делегациялар болды.

А Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

— Сіздер — еңбектен қашпайтын, өсуге, дамуға және жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын жас буынсыздар. Дәл осындай мамандар өндіріс, энергетика, көлік пен құрылыс саласын ілгері-летеді. Форумда айтылған барлық ұсы-ныс пен идея ескерілетін болады. Мем-лекет тарапынан әрқашан қолдау бар. Президенттің бастамасымен бұл жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғаны да осының дәлелі. Бұл — еліміздің болашағы үшін жас мамандар-дың маңызын айқындау. Бүгінде өңірде мыңға жуық зауыт пен фабрика жұмыс істейді. Онда 130 мыңнан астам адам ең-



бек етсе, олардың 23 мыңға жуығы — жас-тар. Ел ертені — осындай жігерлі жас-тар-дың қолында, — деген Қарағанды облы-

сының әкімі Ермағанбет Бөлекпәев форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. Форумда жас буынға жігер беретін оқиғалар да айтылды. ECO Network жо-басының негізін қалаушы Евгений Мұ-хамеджанов жастарды армандаудан қо-рықпай, жана бастамаларға батыл қадам жасауға шақырды:

— Жастардың қуаты — шексіз. Бас-тысы — сәтті жіберіп алмау, — деді ол. Көпшіліктің жүрегіне әсер еткендер-дің бірі — протезбен жүгіріп, Қазақстан чемпионы атанған әрі халықаралық жа-рыстардың жүлдегері, IT-маман Айсулу Сүлейменова. Ол өмірінің ауыр сынақ-тарын еңсеріп, берілмей алға ұмтылға-нын әңгімелейді. Форум диалог ала-ны ғана емес, еңбектің үздіктерін марапат-тайтын мәртебелі сахнаға айналды. Осы орайда «Еңбек жолы» республикалық конкурсының аймақтық кезеңінде жұ-мысшы мамандықтарының абыройлы өкілдері марапатталды.

Шахтинск қаласынан келген Воло-китиндер әулеті «Үздік еңбек әулеті» номинациясын жеңіп алды — бұл еңбек-тің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынының айқын үлгісі. Ал балқаштық Ерлан Сыз-дықов «Жұмысшы жастың үздік тәлім-гері» атанды. Қазақстан темір жолы «Жүк тасымалы» филиалының жетекші инженер-технологы Жұлдызай Байдүй-сен «Үздік жас өндіріс қызметкері» но-



минациясында оза шапты. Оның отба-сының барлығы теміржол саласында еңбек етеді, сондықтан мамандық таң-дауы бала кезінен айқын болған.

— Мен еңбек жолымды қабылдап-тапсырушы қызметінен бастадым. Оқы-дам, іздендім, еріктілікпен айналыстым. Бүгінде жауапты қызмет атқарып жүр-мін. Жұмысшы мамандықтары үлкен мүмкіндіктерге жол ашатынын өз тәжі-рибемнен білемін, — деді Жұлдызай.

Форумның ең әсерлі сәттерінің бірі — Kemel Keleshek жастар сыйлығын та-быстау болды. 16 номинация бойынша өндіріс, көлік, спорт, мәдениет саласына

бүгіннен бастап елеулі үлес қосып жүр-ген жастар марапатталды. Мәселен, Жезқазған мыс балқыту зауытының жұ-мысшысы Дархан Желібәев «Мәдени және әлеуметтік дамуға қосқан үлесі үшін» сыйлығына ие болды. Ол мұндай кездесулердің маңызын ерекше атап өтті.

— Бұл — өзге өңірлерде жастарды қол-дау бағдарламалары қалай жүзеге асы-рылатынын білуге, тәжірибе бөлісуге және жана серпін алуға тамаша мүмкін-дік. Бүгін жұмысшы мамандықтарының болашағы зор. Бастысы — әрекеттен қорықпау, — деді ол.

ҚОҒАМ

ҚАРТТАРЫМ,
АМАН-САУ ЖҮРШІ...



А Көктем ҚАРҚЫН

Елімізде жыл сайын 1 қазан күні Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Әр адамның әдемі қарттық туралы түсінігі әрқилы. Біреу үшін ол – немере-шөбересінің шат күлкісі, біреу үшін – жастайынан еккен еңбегінің жемісін көру, ал енді бірі үшін – денсаулығы мықты, ақыл-ойы сергек ғұмыр. Бірақ бәрін біріктіретін бір ғана нәрсе бар: қарттық – қадір-қасиет пен өмір тәжірибесінің шыңы.

Қарттар – өткеннің куәгері ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағдар беретін шамшырақ. Олардың маңдайындағы әжім – тек уақыт ізі емес, күрес пен еңбек, қуаныш пен сынақтың мөрі. Әрбір әже мен атаның жүрегінде тұтас бір дәуірдің тарихы, бүгін бір әулеттің тағдыры жатыр. Әдемі қарттық дегеніміз – жалғыздық көрмеу. Жанында қолдау көрсететін баласы болса, амандығын сұрап тұратын немересі болса, үлкенге ізет

көрсететін қоғамы болса – сол қарттық шын мәнінде әдемі. Қарттар күні – 1990 жылдың 14 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында ресми бекітілген халықаралық мереке. Бұл мереке бастауын өткен ғасырдың 70-жылдарынан алады. Алдымен қарттар күні Еуропада, одан кейін Америкада, ал 80-жылдардың соңында бүкіл әлемде тойлана бастады. Бірақ қарттар күнінің негізін салушы ретінде Жапония елі саналады.

Қарттар күнін атап өтуді 1947 жылы шеткері аймақта орналасқан Хёго ауылының тұрғыны Масао Кадоваки ұсынған. Бастапқыда қарттар күні ретінде 15 қыркүйек таңдалды. Егін, бау-бақша жиналып болатын, уақыттың мамыражай кезі. Кейін бұл бастаманы көрші ауылдар іліп әкетіп, 1966 жылы ұлттық мерекеге айналған. Одан кейін халықаралық мерекеге айналды.

ӘДЕМІ ҚАРТТЫҚ ҰҒЫМЫ

Соңғы кезде қоғамда «әдемі қарттық» ұғымы туралы пікір жиі талқыланып жүр. Бұл ұғым адамзат тарихында бір күнде пайда болған жоқ. Ол – қоғамның мәдениеті, діні, философиясы мен өмір саттына байланысты қалыптасқан түсінік. Атап айтсақ, ежелгі дәуірде қарттық көбіне даналықтың

белгісі ретінде қабылданды. Мысалы, түркі халықтарында қарияны «қара шал» деп құрметтеген, ақыл сұраған. Қытайда Конфуций ілімінде қарттар тәрбие мен моральдық үлгінің иесі болды. Ал исламда ата-анаға қызмет ету – сауатты іс. Қарттық – адамның Алла алдындағы сыйы мен сынағы. «Әдемі қарттық» осы рухани тұрғыдан – иманмен, адалдықпен өткен ғұмырдың нәтижесі. Еуропа ойшылдары, соның ішінде көне грек философы Цицерон «қарттық – өмірдің күзгі шағы» деп оны байсалды кезең ретінде суреттеген. Еуропала graceful aging (сымбатты картаю) ұғымы кең тарады, яғни тәннің картаюымен бірге жанның сұлулығын сақтау. Ал қазақ түсінігінде «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген мақалдан-ақ қарттықтың әдемілігі ұрпақпен, сыйластықпен өлшенетінін көреміз. Қазақ үшін «әдемі қарттық» – немересінің қолынан шай ішіп, ұрпағының ортасында ғұмыр кешу.

Қазіргі заманда «әдемі қарттық» ұғымы көбіне физикалық белсенділік, мықты денсаулық, жасқа қарамай дамуға ұмтылу

Қарттар – өткеннің куәгері ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағдар беретін шамшырақ. Олардың маңдайындағы әжім – тек уақыт ізі емес, күрес пен еңбек, қуаныш пен сынақтың мөрі. Әрбір әже мен атаның жүрегінде тұтас бір дәуірдің тарихы, бүгін бір әулеттің тағдыры жатыр. Әдемі қарттық дегеніміз – жалғыздық көрмеу.

сияқты түсініктермен байланыстырылады. Қазіргі қоғамда біз атаған ұғым – ұзақ әрі сапалы өмір синониміне айналды.

Қарттық кезеңді көпшілік қариялар даналықпен, ақыл-парасатпен, сый-құрметпен, өмірлік тәжірибемен және бақытты сәттермен қатар өлімге дайындықпен де байланыстырады. «Әдемі картаю» туралы әңгіме қарттардың аузында жиі айтылады. Олар бұл ұғымды ең алдымен деннің саулығымен, отбасының бірлігімен, үлкенге

деген сый-құрметпен, балаларының аман-дығымен ұштастырады. Әке-шеше үшін перзенттерін үйлендіріп, қызын тұрмысқа беріп, немерелерін бағып-қағу, балаларынан мейірім мен қамқорлық көру – қарттықтың шынайы әдемілігі болып есептеледі, – дейді әлеуметтанушы Айгерім Жакыпбек.

Оның айтуынша, қарттар үйінде өмір сүріп жатқан қариялар өзін бұл сезімнен алыста сезінеді. Олардың айтуынша, «әдемі қарттық» – бала-шағаның, немере-шөберенің қасында отырып, олардың қызығына қуану, қажетіне жарап, қолғабыс ету. Ал отбасында ғұмыр кешіп жатқан қарттар үшін қарттықтың басты бақыты – балаларымен жақын араласу, оларды жиі көру. Бұл кей өңірлерге тән ерекшелік ретінде байқалады. Қаладағы қариялар болса, зейнет жасына жеткенде жақсы демалысты, шипажайға баруды, әлеуметтік ортада белсенді болуды, адамдармен қарым-қатынас орнатуды бақыт әкелетін сәт деп бағалайды.

ҚАРТТАРҒА ҚОЛДАУ БАР МА?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2002 жылғы қабылданған «Белсенді қарттық: саясаттың негізі» құжатындағы мәліметтер бойынша қарттық 60 жастан басталады және оның өз кезеңдері бар. Құжатта 60-74 жас аралығы ерте қарттық кезең, 75-89 жас аралығы кәрілік кезең деп көрсетілген. Ал ұзақ өмір сүретіндерге 90 және одан асқан адамдарды кіргізеді.

Бүгінде қарттарды қолдау бағытында мемлекет тарапынан бірқатар шара жүзеге асырылып келеді. Зейнет жасына жеткен азаматтың барлығы зейнетақымен қамтылған. Сонымен қатар медицина қызметтері де оларға тегін көрсетіледі. 2020 жылдан бастап қалаларда және кейбір аудан орталықтарында қариялардың бос уақытын тиімді өткізуіне әрі денсаулығын нығайтуына жағдай жасайтын «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары жұмыс істей бастады. Бұған қоса, қарттарға үйде көрсетілетін әлеуметтік қызметтер жүйесі дамып келеді. Сондай-ақ егде жастағы адамдарды санаторийлерге жіберу арқылы демалысын ұйымдастыру да мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың бір бөлігіне айналған, – дейді Айгерім Жакыпбек.

Республикада жасы бойынша 2,4 миллионнан астам зейнеткер тұрады. Әрбір азаматтың лайықты картаюын қамтамасыз ету – Үкіметтің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі. Мемлекет аға буын өкілдерін әлеуметтік қорғау, оның ішінде

зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған шараларды кешенді түрде қабылдауда.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, базалық зейнетақы мөлшері жыл сайын инфляция деңгейіне, ал ынтымақты зейнетақы мөлшері инфляция деңгейінен 2%-ға ілгері индекстеледі. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ынтымақты зейнетақылардың мөлшері 9%-ға ұлғайтылды және ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің өзгеруіне байланысты базалық зейнетақының мөлшері арттырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, базалық зейнетақының мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру жолғасуда. Осылайша, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап оның ең төменгі мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 60%-ынан 65%-ына дейін, ал ең жоғары мөлшері 100%-ынан 105%-ына дейін арттырылды.

Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қарт адамдарды қолдау, оларға әлеуметтік қызмет көрсету деңгейін арттыру, қоғамдық өмірге тарту бойынша шараларды іске асыруда. Республикада 92 «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылып, жұмыс істеуде. Орталықтардың жұмыс істеуіне жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 2024 жылға 5,9 млрд теңгені құрады.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары «бір терезе» қандаты бойынша үш бағытта жұмыс істейді: белсенді ұзақ өмір сүру, денсаулық мәдениеті және қоғаммен байланыс. Орталықтардың қызметі егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, өнімді және белсенді ұзақ өмір сүруді ынталандыруға, оның ішінде жүйелі бос уақытты ұйымдастыруға (йога, скандинавиялық жүріс, цифрлық сауаттылықты арттыру, мотивациялық және кәсіпкерлік курстар, ағылшын тілі курстары және т.б.), қарттардың еркіндігін қамтамасыз етуге, қоғам өміріне қатысуға бағытталған.

1 қазанда елімізде Қарттар күніне орайластырылған айлық басталады. Облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары аға буын азаматтарын әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шараларды, еңбек ұжымдарында кездесулерді, амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ашық есік күндерін және басқа да шаралар өткізетін болады.

Сонымен қатар кей өңірлерде Қарттар күніне орай зейнеткерлерге біржолғы материалдық көмек көрсетіледі.

«Орталық-Батыс» автомагистралі қазақстанның транзиттік әлеуетін едәуір нығайта отырып, транскаспий халықаралық көлік бағытына (ТХКБ) тікелей шығуды қамтамасыз етеді. халықаралық стандарттарға сәйкес салынатын бұл инфрақұрылымдық ірі жоба логистика мен транзиттік дәліздердің дамуын ғана емес, сондай-ақ өңірлердің едәуір әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттырады.

А Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық-Батыс автожолын салу арқылы Торғайды түлетуді, өңірді өркендетуді стратегиялық мақсат-міндеттердің алғашқылар қатарына санап отыр.

Президент: «Амандық болса, биыл Қостанай облысына міндетті түрде барамын. Жоспарымда бар. Жолдауымда Қостанай облысын арнайы атап өттім, Торғай жеріне баса назар аудару керек деп айттым. Арқалыққа биыл міндетті түрде барамын. Кезінде уәде бердім, оны орындайтын кез келді. Торғай өңіріне көңіл аудару керек», – деп соңғы жылдары назардан тыс қалған алаң жұрттың үмітін үкілеп қойды. Бұл жаңалық соңғы 100 жыл тарихында қилы кезеңді басынан өткерген Арқалық, Торғай жұртына жана серпін, жана үміт сыйлады.

Биылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында Президент елдің транзиттік әлеуетін дамыту туралы ерекше айта келе, «Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек» деді. Яғни, ел экономикасының құретамыры саналатын жолдар арқылы аймақтардың әлеуетін көтеру мәселесін Үкіметке нақтылап тұрып тастырды және Торғай аймағын Үкімет назардан тыс қалдырмауы керек екенін ескертті.

Президент Жолдауындағы транзит мәселесін сөз етуіміздің себебі – Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне қосылуға тиіс Орталық-Батыс автожолының



АЛЫПТАРДЫ ӨСІРГЕН
АЯЛЫ МЕКЕН

«Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» бағыты арқылы өтуі керек әуелгі жоспардың бұрмалануы мүмкін деген ақпараттың тарауымен байланысты болып отыр. Әуелде Бурабайда өткен төртінші Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынатыны туралы жариялағым келеді. Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым. Жана күрежол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады. Бұл – тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба», – деп арнайы тапсырма берген болатын. Бұл жаңалық үмітін үкілеген халықты «Өлгені тіріліп, өшкені жаңғандай» қуанышқа бөліп еді. Дегенмен Орталық-Батыс жолын Ұлытау бағытына бұрады екен деген әңгіме Торғай елін толқытты.

Мәселенің мән-жайын білмекке Торғайдың тумасы, белгілі журналист Анар Төлеуханқызына хабарласқан едік, «Республикалық Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің бұйрығымен жұмыс тобы жасақталыпты. Ол жұмыс тобы Президенттің төртінші құрылтайда тапсырған Орталық пен Батысты жалғайтын күрежолдың бағыттарын айқындау мақсатында құрылыпты. Бастап жүрген Жамбыл Бақтияр деген жігіт комитет төрағасының орынбасары екен. Құрамында 10-15 шақты адам бар. Ол комиссия Ұлытау облысының аудандарында халықпен кездескен, сосын Торғайға келді,

халықпен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалады, бірақ комиссия жол салынатын болса, қаражат жұмсалатындықтан, «Оны толық зерттеуіміз керек. Қай жол арзан, қай жол тиімді, сондықтан біз бірнеше нұсқаны ұсынуымыз керек» деп өздерінше жұмыс істеп жатқанын айтты. Олар нақты үш нұсқа дайындапты. Президент тапсырмасы Торғай аймағын көтеру үшін, оның экономикалық әлеуетін жақсарту үшін Арқалық-Егіндікөл-Торғай-Ырғыз бағытында жол салу туралы анық жазылғанына қарамастан, комиссия ұсынған үш нұсқаның біреуінде ғана Торғай-Ырғыз жолы қарастырылыпты» деп алаң жұрттың арызын жеткізді.

Алайда Президент тапсырмасына орай 14 маусымда Қостанай облысының әкімі

Құмар Ақсакалов пен сол кездегі Көлік вице-министрі Сәтжан Абдалиев Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне шығатын «Орталық-Батыс» автожолының Астана-Егіндікөл-Бауманское-Сочинское-Шалғай Шойындықкөл-Арқалық-Жалдама-Амангелді-Торғай-Ақшығанак-Ырғыз бағыты құрылысының басталғанын хабарлап, лентасын қиып, жаһанға жариялаған болатын. Оны өзіміз де БАҚ-тардың және әлеуметтік желілердің жаңалықтарынан көрдік.

Бірақ 2 қыркүйекте Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаровтың «Орталық-Батыс жолының техникалық құ-

талқылаудың себебін сұраған болатынбыз. Сұрағымызға Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров: «Орталық-Батыс» тасжолы – еліміздегі стратегиялық маңызы жоғары инфрақұрылымдық жобалардың бірі. Жобаның негізгі мақсаты – елдің орталық және батыс өңірлерін тікелей байланыстырып, Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне шығуды қамтамасыз ету. Алғашында бұл жоба бірінғай кешен ретінде қарастырылғанымен, іс жүзінде екі дербес бағыттан құралады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бекітілген негізгі бағыт – «Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» автомобиль жолы. Жоба шеңберінде «Астана-Арқалық» және «Торғай-Ырғыз» учаскелерінде жана жол құрылысы жүргізіліп, Арқалық пен Торғай арасындағы қолданыстағы жолды қайта жаңарту жоспарланған. Негізгі құрылыс жұмыстары жобалық-сметалық құжаттама толық дайындалып, мемлекеттік сараптамаының оң қорытындысы алынғаннан кейін басталатын болады. Сонымен қатар жобаның жекелеген учаскелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар арқылы өтетіндіктен, тиісті жер мәселелерін шешу қажеттілігі туындап отыр. «Астана-Ұлытау» бағыты қазір дербес жоба ретінде қарастырылып жатыр. Жобаның негізгі мақсаты – елорданы Ұлытау облысымен тікелей байланыстырып, өңірдің-көліктік қолжетімділігін арттыру. Аталған бағытты іске асыру мәселесін Көлік министрлігінің жұмыс тобы жан-жақты зерделеп жатыр. Дегенмен аталған жоба стратегиялық негізгі бағыттың орнын бастайды, яғни баламалы жол ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес, «Орталық-Батыс» жобасының басты бағыты болып «Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» маршруты өзгеріссіз қалады. Жобаларды іске асыру шеңберінде жергілікті халықтың пікірі ескерілуде. Қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету және ашықтық қандаттарын сақтау үшін жұмыс тобы тұрақты негізде талқылаулар жүргізіп отырады. Қорытындылай келе, негізгі стратегиялық жоба – «Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» күрежолы. Бұл бағыт Қазақстанды халықаралық көлік дәлізімен тікелей байланыстыра отырып, стратегиялық маңызын сақтап келеді», – деп жауап берді.

Демек, «Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» күрежолы салынады, Президент тапсырмасы мұлтіксіз орындалады. «Жол салына, Торғайдың тынысы кеңіп, өңір түлер еді» деген халықтың арманына жетер күні де алыс емес шығар. Әлі-ақ күрежолдың бойына «қан жүгірсе», бүкіл аймақты – Батыс пен Шығысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалнап, Торғай даласына «жан бітетін» болар. «Той – халық қазынасы» демей ме халқымыз. Дүбірлі тойдың думанды дүрмегі ел ішін ынтымақ-берекеге бөлеп, халықтың ырыс несібесі артар...



АЛМАТЫДАҒЫ САМОКАТ ДАУЫ



Алып шаһар Алматы көшелеріндегі самокат мәселесі қайтадан күн тәртібіне шықты. Оған қос дөңгелек иелеріне қатысты апат санының артуы себеп. Қазір тұрғындар жаяу жүргіншілерге арналған жолда алаңсыз жүруден қалған. Себебі самокатшылармен қас-қағым сәтте соқтығысып қалу қаупі бар.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Мегаполис тұрғындары көшедегі самокатшылардың қозғалысына, жаяу жүргіншімен қатығысып қалған жағдайда олардың ешқандай жауапкершілік аркаламайтынына наразы. Тіпті, мұндай жүргізушілердің арасында кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер де бар. Қала тұрғыны Динара Боранбай осыған дейін бірнеше рет жылдамдықты асыра айдаған самокатшылармен соқтығысып қала жаздаған. Оның сөзінше, кейбір жүргізушілер өзін де, өзгені де қауіпсіздігіне пысықырып қарамайды.

— Алғашқыда самокаттар пайда болған уақытта бәріміз қуандық. Көлікке қарағанда арзан, кептелістен құтқарады,

экологияға да зияны аз деп ойлады. Бірақ самокат жүргізушілерінің көбі ережені елемейді. Жаяу жүргіншілерге арналған аяқжолда қатты жылдамдықпен зулап өтеді. Байқағаным, самокат жүргізушілерінің арасында тәртіпсіздік көп. Самокатты көшенің кез келген жерінде тастап кетеді. Сосын жол кептеліп, адамдарға ыңғайсыздық туғызады. Тағы бір ескертетін дүние, самокатты көпшілігі қасқасыз айдайды. Жолға шығып, көліктердің ортасында сырғанап жүргенін көріп, тіпті шошымын, — деді Динара.

Естеріңізде болса, қыркүйек айының басында автобус электросамокат мінген екі қызды қағып кетіп, нәтижесінде, олар ауруханаға жеткізілген еді. Бұл самокат тізгіндегендерге қатысты мегаполистегі жалғыз оқиға емес. Қалалық Полиция

департаментінің дерегіне сүйенсек, биыл жыл басынан бері Алматыда 300-ден астам келенсіз жағдай тіркелген. Оқиға салдарынан 312 адам зардап шеккен. Онымен қоса, қалалық Полиция департаменті электросамокат пен электровелосипед пайдаланушыларына байланысты жыл басынан бері 11 мыңнан астам құқықбұзушылық тіркелгенін мәлімдеді.

Тағы бір өзекті мәселе — жүргізушілердің самокатты көрінген жерде қалдыруы. Бұл аяқжол, жаяу жүргіншілер жолағы немесе көше қиылыстарында болмасын, тұрғындардың қозғалысына ыңғайсыздық келтіреді. Қала билігі самокаттарды бейберекет тастау мәселесін шешу үшін арнайы тұрақтар орнатпақ. Бұл бастама қоғамдық тәртіпті сақтап, жаяу жүргіншілерге кедергі келтіретін самокаттардың ретсіз орналасуын азайтуды көздейді. Қазірдің өзінде шаһарда 10 тұрақ орны белгіленген. Мұндай тұрақ орындары негізінен адам көп шоғырланған көшелерде орнатылған.

Ал осыған дейін Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха Мәжіліс кулуарында депутаттармен бірлес отырып электросамокаттардың қозғалысын қатаң реттеу бойынша түзетулер әзірленіп жатқанын мәлімдеген еді. Оның сөзінше, бұл түзетулер қолданыстағы нормаларды нақтылап, ережелерді жүргізушілерге де, полицейлерге де, барлық азаматқа бірдей түсінікті етеді.

Күн тәртібіндегі маңызды сауалдардың бірі — апат болған жағдайда самокат жүргізушісіне қандай жауапкершілік жүктеледі? Бұл ретте самокатқа мемлекеттік нөмір тағылып, иесіне жүргізуші куәлігі берілуге тиіс пе? Өзекті мәселеге қатысты пікір білдірген Алматы қаласы мәслихатының депутаты Жандос Нәдіров самокат иесін сәйкестендіру мен жауапкершілікті күшейту — қауіпсіздікке оң әсер етсе, екінші жағынан, тым қатаң талаптар бұл көлік түрінің қолжетімділігін шектеуі мүмкін екенін айтты.

— Қауіпсіздік мәселесі — бірінші кезектегі міндет. Егер самокат жүргізушісінің қатысуымен апат болса, ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік

немесе ауыр жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Самокаттарға мемлекеттік нөмір беру немесе арнайы жүргізуші куәлігін енгізу мәселесіне келсек, бұл қоғамда кеңінен талқылануы тиіс. Ең тиімді жол — кезең-кезеңімен реттеу. Қазір басты назарды:

самокаттарды тек 18 жастан асқан азаматтардың қолдануына, шлем мен жарық шағылыстырғыш элементтердің міндетті болуына, операторлар арқылы техникалық шектеулерді (жылдамдық, геоэона, тұрақ) енгізуге,

жастар арасында жүйелі түсіндіру жұмысына аудару қажет.

Тағы бір өзекті мәселе – жүргізушілердің самокатты көрінген жерде қалдыруы. Бұл аяқжол, жаяу жүргіншілер жолағы немесе көше қиылыстарында болмасын, тұрғындардың қозғалысына ыңғайсыздық келтіреді.

Алдағы уақытта тәжірибе жинақталғаннан кейін мемлекеттік нөмір немесе арнайы куәлік беру мәселесіне қайта оралуға болады, — деді ол.

Одан бөлек, Жандос Қуанышбекұлы электросамокат қозғалысын қалыпқа келтіру үшін жеке реттеу механизмдері аса қажет екенін түйреп өтті.

— Электросамокаттарды қоғамдық көлік жүйесінің толыққанды бөлігі ретінде қарастыруға әлі ерте. Қоғамдық көліктің басты міндеті — жолаушыларды белгіленген бағыттар бойынша жүйелі әрі қауіпсіз тасымалдау. Ал самокат — ең алдымен жеке жүріп-тұру құралы. Сондықтан олар үшін жеке реттеу тетіктері қажет: арнайы велоинфрақұрылымды дамыту, жылдамдық шектеулерін енгізу, тұрақ орындарын белгілеу және нақты пайдалану ережелерін сақтау, — деді Ж.Нәдіров.

Ал урбанист Гүлмира Байғабұлованың пікірінше, қаладағы басты мәселе — операторлардың қабылданған ережелерді

толық орындамауы. Кейбірі мұны «экономикалық тиімсіздік» деп түсіндірсе де, іс жүзінде бұл — заңды орындаудан бас тарту. «Мұндай жағдайда самокат жүргізушілері де, операторлар да толық жауапкершілікке тартылуға тиіс», — деді маман.

— Жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілеріне қолданылатын талаптар самокат пайдаланушыларына да қатысты болуға тиіс. Мемлекеттік нөмір немесе жүргізуші куәлігі әзірге міндетті болмауы мүмкін, бірақ қолданушыны тіркеудің балама жолдары қажет. Мысалы, қосымша арқылы жеке тұлғаны растау, жасын тексеру, бұзушылық жасаған жағдайда

айыппұлды автоматты түрде жүктеу. Мен осыған дейін арнайы «самокаттық полиция» құруды ұсынғаным. Әрине, қазір қалада бірыңғай оператор енгізілді, бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл шара жеткіліксіз. Бақылау мен қадағалау жоқ болғандықтан, жағдай өзгермей отыр. Сондықтан қоғамдық сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қатаң қадағалау құрылымын құру қажет, — деді урбанист Г.Байғабұлова.

Қалалық мәслихат депутатының дерегініңше, бүгінде сайлауалды бағдарлама аясында Алматыда жалпы 89 шақырым велоинфрақұрылым салынды (веложол — 25,15 шақырым, веложолдар — 63,8 шақырым). 2025 жылы қосымша 29,6 шақырым салу жоспарланған, оның ішінде веложолдар — 22,6 шақырым. Атап айтсақ, Саин көшесінің бойында — 6,4, ал Абай даңғылының бойында — 1,2 шақырым жана веложол салынады.

ҚАСИЕТТІ АҒАШТЫҢ ҚАДІРІ

Бұрын Үкіметтен «үкім» келгенге дейін Жамбыл облысындағы Мойынқұм, Сарысу және Талас аудандарының тұрғындары сексеуіл жағып, қыстан шығатын. Алайда 2013 жылы жарияланған мораторий 2018 жылға дейін тұрғындарды «тұсаулап» қойды. Бес жылға белгіленген шектеу шаралары 2018 жылы аяқталады деп күтілгенімен, Үкімет мораторийді тағы бес жылға созды.

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Межелі мерзімге жеткенде жұрт «енді сексеуіл жағамыз» деп үміттенген. Алайда мемлекет көптің көңілін су сепкендей басып, бес жылға тағы «шынжырлады». Осылайша, халық он жыл бойы үміт жетегінде жүріп, 2023 жылға бір-ақ жетті. 2024 жылдың қаңтарында қыстан қысылған халық сексеуілге жинауға шыққан еді, қорықшылар орман қорына аттап бастырмады. Тұрғындар мораторий мерзімі аяқталғанын алға тартқанымен, орманшылар шыбық отын бермеді. Қолдарында шектеу туралы құжаттары болмаса да, қорықшылар халықты сексеуілге жолатпады. Ашынған халық 2025 жылдың қысында бас көтерді. Ол кезде де оларға жергілікті билік тарапынан онды түсіндіктеме берілмеді. Тек «сексеуіл кесуге тиым» деген тактайша алдарынан шықты. Енді биыл қалай болмақ? Әлде, отын жинауға рұқсат беріле ме? Бұл сауалдармен Табиғи ресурстар және

табиғат пайдалануды реттеу басқармасының есігін қақтық.

— 2023 жылы мораторий мерзімі аяқталғаны рас. Алайда Үкімет кейін шектеу шараларын тағы 5 жылға созды. Яғни, мораторий 2028 жылдың желтоқсан айында алынады. Оған дейін бір тал сексеуіл сындыруға рұқсат жоқ. Осы жағын халық түсінбей отыр. Біз орман қорына халықты кіргізе алмаймыз. Себебі мораторий уақыты ұзартылған. Алайда егер тұрғындар өтініш берсе, бір отбасына 4 текше метр шірік сексеуілді орманшылар жеткізіп береді. Бірақ сексеуілдің текше метріне 10-15 мың теңге аралығында төлеуге тиіс, — дейді Жамбыл облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Жакыпов.

Негізі, мұндай жүйе бұрынғыда да бар еді. Алайда 4 текше метр шірік сексеуілмен бір қыстан шығу мүмкін емес екенін мамандардың да іші біліп отыр. Оған қоса, осы 4 текше метр сексеуіл үшін талас-тартыс туып, арты жылда



Қазір Жамбыл облысында көмір бағасы 15-20 мың теңге аралығында болып тұрса, қыс қаһарына мінгенде 30-40 мың теңгеге бір-ақ шарықтайды.

айкай шумен аяқталып жатады. Сондықтан шірік сексеуілді неге халықтың өзіне қажетіне қарай жинатпасқа? Бұқараның бір өтініші де осы болуда.

— Осы сексеуілге қатысты мәселенің соны жылда айқай-шуға ұласуда. Өтініммен берілетін 4 текше метр сексеуілмен бір қыстан шығу мүмкін емес. Шірік отын болғаннан кейін ол тез жанып кетеді. Оған қоса, былтыр осы 4 текше метр сексеуілге өтінім қабылданғанымен, оны орман шаруашылығы мамандары жеткізіп беремін дегенше қыстың бел ортасы болды. Өйткені өтінім берушілердің саны өте көп. Содан «бірінші маған әякел», «мен көпбалалы отбасымын» деген сияқты талас-тартыс болып, ауылдағы ағайын бір-бірімен қырықпшып болды. Халықты қырықсырмай осы сексеуілдің шірігі болса да тұрғындардың өзіне жинауға рұқсат берілсе бұқараға көп демеу болар еді, — дейді Мойынқұм ауылының тұрғыны Ерлан Құдабаев.

Иә, халықтың сұранысы орынсыз дей алмассың. Бір аудандағы санаулы орманшылар тұтас елді мекен тұрғындарының өтінішін қанағаттандырып, шірік сексеуіл жеткізіп береді дегенге сену қиын. Сондықтан шірік отынды халықтың өзіне жинату — құлаққа кіретін дүние. Алайда Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Жакыповтың айтуынша, бұған түбегейлі тиым салынған екен. Сол себепті бұл түйіннің түйінін тарқату биік мінбердегілердің қолында болып тұр.

Мұндайда енді қайтпек керек? Амалы таусылған тұрғындар тағы қымбат көмірге ұрынатыны анық. Қазір Жамбыл облысында көмір бағасы 15-20 мың теңге аралығында болып тұрса, қыс қаһарына мінгенде 30-40 мың теңгеге бір-ақ шарықтайды. Бір қыстан шығу үшін кемі 10 тонна көмір қажет болса, сонда тұрғындар 400 мың теңгеге қатты отын сатып алу қажет. Қазіргідей қиын заманда

мұндай соманы бар адамның өзінің қалтасы көтере бермейтіні айқын. Оған қоса, көмірді қыздыру үшін сексеуіл жаңқасы қажет. Оны тағы 40-50 мың теңгеге сатып аласын. Ол сексеуіл бір қысқа жетеді деп тағы айта алмайсың. Сонда үш ай қыстан шығуың үшін кемі жарты миллион ақшаң кететіндігі анық болуда.

Облыс орталығынан шалғай орналасқан Мойынқұм ауданындағы Жамбыл, Амангелді, Құмөзек, Талдыөзек, Байтал, Шығанақ, Назарбек, Көктерек, Биназар, Хантау, Мойынқұм, Ақбайай сынды ауылдар осы таңға дейін ең болмаса шірік отын мен көмір жағып күнелтсе, Мынарал мен Қашқантеңіз ауылдарында жағдай қиын. Мұнда сексеуіл отыны сирек өсетіндіктен, одан шірігі қалуы екіталай. Сондықтан тұрғындар жаз бойы баялыш шөбін теріп, қыста соны жағады. Ал баялыш шөбі тез жанып кететіндіктен, оның қуаты көпке жетпейді. Сол себепті халық тезек теріп, қарағай да жинайды. Оның да жылуы шамалы екені белгілі. Тезек бықсып жататын болса, қарағай «лап» етіп тез жанып кетеді. Содан тұрғындар тасымал құны екі-үш еселенген қымбат көмірге барып ұрынады. Егер Үкімет Мынарал мен Қашқантеңіз тұрғындарына бар сексеуілді кесіп жағуға рұқсат берсе, бұқараның жағдайы шамалы болса да түзелер ме еді.

Сарысу ауданындағы Шығанақ, Қамқалы, Жайлауқөл сынды ауыл тұрғындарының да күні көмірге қарап отыр. Аталған елді мекендер де аудан орталығынан шалғай орналасқандықтан әрі жолдың нашарлығынан көмір тасымалдаушылар бағаны шарықтатып өсіріп жіберген.

Қазір Жамбыл облысында көгілдір отынмен қамтылған ауылдардың саны 50 пайыздан әзер асады. Мойынқұм ауданына биыл көгілдір отын құбыры тартылып жатқаны туралы қуанышты хабар жетті. Алайда ол елді мекендерге қашан жететіні белгісіз. Осыдан бірнеше жыл бұрын газ құбыры жүргізілген Шу ауданының өзінде ауылдар көгілдір отынға толық қосылмағанын ескерсек, мойынқұмдықтар бірер жылдың бедерінде газ жағады дегенге сену қиын. Сондықтан ондағы халық өзирге шірік отын мен көмір жағуларына тура келеді. Ал мүмкіндігі келмегендер қазірден тезек теріп, қарағай жинап қойғаны абзал. Өйткені мораторий мерзімі бүгін-ертең бітпейтіні анық.



АЙМАҚ

МӘСЕЛЕ

БАЛА және БАЛАБАҚША: ТҮЙІН ТАРҚАДЫ МА?

Сыр өңірінің мектепке дейінгі білім беру орындарында былық көбейіп тұр. Күн санап күрделене түскен күрмеулі мәселелерді шешу кезек күттірмейтін күйге жетті.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізінен, өңірдің білім саласындағы былық пен шылық биыл басталған жоқ. Соңғы жылдары салада сұмдық жайттар жиі бой көрсетіп, қоғамның ашу-ызасын туғызып келеді. Оның ішінде білім саласындағы қаржылық қитұрқылықтар, оқушылардың топтасып төбелесуі, білім сапасының төмендеуі көпті толғандырады.

Биылғы жаңа оқу жылы тағы Сыр өңірінің білім саласында жайсыз оқиғалардан басталды. Әсіресе, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бассыздықтар елді есентіретіп тастады. Соның ішінде балабақшаларды жайлаған келенсіздіктер сын садағына ілігіп тұр.

Бұл тұрғыда ай-күннің амаанында жеке балабақшада қайнаған суға күйіп қалған бұлдіршіннің оқиғасы ата-ана үшін ауыр сокқы болса, қоғамды дабыл қағарлық күйге жеткізді. Қызылорда қаласындағы «Сыр болашағы» балабақшасында болған бұл сұмдық жағдай білім мекемелеріне шұғыл түрде тексеріс жүргізуге түрткі болды. Нәтижесінде, кішікентай Еркежанның оқиғасынан кейін атышулы балабақшаға мемлекеттік қаржыландыру тоқтатылып, кейіннен аталмыш бөбекжай мүлдем жабылды деген қауесет желдей есті.

Облыстық Білім басқармасы таратқан мәліметке сәйкес, өңірде балабақшалар мен мектептердің көптеп ашылуы, оның ішінде жекеменшік білім беру ұйымдарының артуы жоғары нәтижеге ие. Нақты уақытта облыста 577 мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс істейді екен. Оның 532-сі — балабақша, 45-і — шағын орталық ретінде құрылымданған. Бұл мекемелерде 45 мыңнан астам бұлдіршін тәрбиеленеді. Бұдан бөлек, мемлекеттік тапсырыссыз жұмыс істейтін 96 жекеменшік ұйым болса, онда 14 703 бала қамтылған. Сонымен қатар мемлекеттік мектептерде 172 мыңнан астам бала болса, 39 жекеменшік мектепте 15 мыңнан астам оқушы білім алады деген ақпарат бар. Дей тұрғанмен, бұл білім орындарындағы білім сапасы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың әлі де ақсап тұрғаны аңғарылады.

ТЫНЫС

ИНДУСТРИЯЛЫ АЙМАҚ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ТІРЕГІ

Биылғы Президент Жолдауында айтылған цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу елдің әр аймағында тыңнан түрен салатын іргелі стартап жобаларды жүзеге асыруға тың серпін береді. Өйткені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шегелеп тапсырған елді жаңа экономикалық модельге көшіру ауқымды міндеті осы арқылы ғана мүмкін болмақ. Жаңа инвестициялық цикл әрбір салынған қаржының тиімділігін еселеп, өндірісті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сонымен қатар жергілікті бюджеттерді толықтыруға қызмет етуге тиіс. Бұл орайда Ақмола облысында қолға алынған цифрландыру және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жобалары аса үлкен қарқын алғанын атап өткен жөн.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАҒЫ СЕРПІН

Кейінгі жылдары Ақмола облысы тұтас ел бойынша ең қарқынды аймақтардың біріне айналды. Мәселен, жыл басынан бері ғана өңір экономикасына 456 млрд теңге инвестиция тартылып, былтырғы жылмен салыстырғанда 1,5 есе артқаны байқалған. Өңірде жалпы құны 248 млрд теңгені құрайтын 226 жоба жүзеге асып, оның нәтижесінде 2,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Аймақтық инвестиция тарту орталығы — Aqmola Invest ірі инвесторларды сүйемелдеу жұмыстарын да жүйелі түрде жүргізіп келеді. Орталық мәліметінше, қазір оның порт-

фелінде құны 2,8 трлн теңгені құрайтын 39 жоба қолға алынды. Олардың қатарында халықаралық деңгейлері Dalian Hesheng Group, YDA Group, Atasu Group, сондай-ақ отандық Terracottas компаниялары кірген. Облыстағы инвестициялық ахуалдың жақсаруына өңдеу өнеркәсібінің өрлеуі зор септігін тигізді. Статистикалық деректерге сенсек, өнімдерді өңдеу өнеркәсібінің үлесі жылдан-жылға арта бастағаны байқалады. Мәселен, 2020 жылы 22,9 пайыз болса, былтырғы көрсеткіш 26,6 пайызға жеткен. Сонымен қатар өнімдерді өңдеудің өндірістегі үлесі 81 пайызға көтерілгені анықталды.

Осы жылы да аймақта құны 14 млрд теңгені құрайтын 9 жаңа жоба жүзеге асырылып жатқаны аймақ экономикасының ілгерілеуіне жол ашқаны сөзсіз. Атап айтқанда, Көкшетау қаласында жұмысын бастап үлгерген QAZAQ FOOD MARKET



ЖШС-на тиесілі ірі жарма өндіретін зауыт, Целиноград ауданындағы «Сев-Регион Строй» ЖШС-ның алюминий прокатын шығаратын кәсіпорны, сондай-ақ Қазақстан Аграрлық Инновациялық Корпорациясының мұрындық болуымен ауыл шаруашылығы техникасын құрастыратын өндірістік цех іске қосылған.

Құзырлы сала мәліметтері бойынша алдағы жылы Степногорскідегі тау-кен химия комбинатында да сирек кездесетін металдар өндірісі кеңейтілмек. Бұл жоба еліміздің стратегиялық шикізаттық әлеуетін нығайтып, экспорттық мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік бермек. Ақмола өңірі алтын қоры жағынан да республикада көш бастап тұр. Аймақтағы тау-кен металлургия кешені жалпы өңдеу саласының 50

пайызына дейін жеткен. Бұған осы аймақта орналасқан Altyntau Kokshetau, RG GOLD, «АКА Алтыналмас» сияқты алпауыт компаниялар өндіріс көлемін жыл сайын ұлғайту себеп болған. Бүгінде облыс елімізде өндірілетін алтынның 27,5%-ын беріп отыр. Сонымен қатар биыл бірінші жартыжылдықта елде өндірілген «Дор» қоспасының 59,2 пайызы, өңделмеген алтынның 93,3 пайызы Ақмола облысына тиесілі екені белгілі болды.

Президент Жолдауында индустриялық аймақтардың мультиплика-тивтік әсері де ерекше аталды. Бұл орайда аграрлық өңірден аграрлы-индустриялдық аймаққа айналып үлгерген Ақмола облысында негізгі 4 индустриялық аймақ жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Оның ішіндегі ең ірісі — Аршалы ауданындағы рес-

ДАМУ

Агросектор саласында атқарылып жатқан ауқымды істердің қатарында Goldbridge компаниясының қатысуымен қант зауытының құрылысы және «Дәулет құс» фабрикасын жаңғырту жобалары бар. Жаңғыртудан кейін фабрикада тәулігіне 250 мың дана жұмыртқа өндіру жоспарланып отыр.

ҚАНТ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің Президент Жолдауын жүзеге асыру мәселесі талқыланған жиында айтқан сөзінен белгілі болғанындай, 2025-2027 жылдары өңірде 48,3 млрд теңгеге 12 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Бұл жобалар 458 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Оның айтуынша, негізгі жобалар қатарында Goldbridge компаниясымен бірлескен қант зауытының құрылысы, KazGrow Irrigation Systems компаниясының ирригациялық жабдықтарды өндіру зауытының іске қосылуы, 5,6 гектар аумақта өндірістік жылыжай құрылысы, жылына 700 тонна өнім өндіретін екі бекіре балықтарын өңдеу зауыты бар. Сонымен қатар «Дәулет құс» құс фабрикасы жаңғыртылып, өндіріс көлемі тәулігіне 250 мың жұмыртқаға дейін жеткізілмек. Бұл жобаға 1 млрд теңге инвестиция салынады. Сондай-ақ Құрманғазы ауданында және Атырау қаласындағы көтерме сауда базасында агрохабтар құру жоспарланған.

2025 жылдың басында өткен кездесуде Goldbridge компаниясының директоры қытайлық серіктестердің қызылша негізінде ашытқы өндіру технологиясымен бөліскен. Кейін қазақстандық кәсіпорндарға кеңес берілген. Қытайлық серіктестер жобаның жалпы құнының 80%-ын инвестициялауға дайын. Зауытты іске қосу 2026 жылдың жазына жоспарланған. Онда тек қант ғана емес, тағы төрт түрлі өнім өндірілетін болады. Әкімдік бұл жобаның облыс аумағында қант қызылшасын өсіруге мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұл өз кезегінде қазір 90%-ды құрайтын қант импортының үлесін айтарлықтай қысқартуға жол ашады.

ШАРУАЛАР ШАЛДЫҚПАЙ КЕЛЕДІ

Биыл Атырау облысында екі ірі нысан пайдалануға берілді. Біріншісі, қуаттылығы жылына 48 мың тонна құрама жем өндіретін, құны



публикалық маңызы бар AQMOLA аймағы. Мұнда жалпы құны 1,2 трлн теңгеден асатын 7 жоба қолға алынған. Бұл жобалардың арқасында аймақта 4,6 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылып, өңірдің өндірістік әлеуетін жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берген.

Өңірдің энергетикалық инфрақұрылымының да тынысы ашылып, тұрақты әрі сапалы энергиямен қамтамасыз ету жобалары іс жүзінде жүзеге асырылып отыр. Атап айтқанда, Степногорск жылу электр орталығы ауқымды реконструкциядан өткізу қолға алына, облыс орталығы — Көкшетауда қуаты 240 МВт электр және 520 Пкал жылу энергиясын өндіретін газ-көмірлі жылу-электр орталығының құрылысы басталған. Бұл жоба шаһарлы толыққанды жылумен қамтып, халықтың әлеуметтік сұранысын толықтай қанағаттандыруға мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар өңірде 19 жасыл энергетика жобасы сәтті жүзеге аса бастағаны рас. Оның ішінде 17 жел электр стансасы, бір күн және бір биоэлектр стансасы қалыпты жұмыс режимінде энергиямен қамтамасыз етіп отыр. Жалпы қуаты 500 МВт-тан асатын бұл нысандар бүгінде Қазақстандағы «жасыл» энергияның 23 пайызын өндіруге жол ашқан.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ЖӘНЕ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ӘЛ-АУКАТЫ

Президент Жолдауында аталған аса маңызды салалардың бірі — инженерлік инфрақұрылымды жаңарту. Аталған мақсатта бюджеттен 34,2 млрд теңгеге 88 су құбыры мен көріз нысаны жаңғыртылып жатыр. Нәтижесінде, тозығы жеткен желілердің үлесі төмендеп, қосымша 20

602 млн теңге болатын Dossor Processing Company зауыты. Екіншісі, «Қуаныш» шаруа қожалығы іске асырған 300 бас ірі қараға арналған бордақылау алаңы. Бұл жобаның инвестиция көлемі — 300 млн теңге.

— Өңірдің агроөнеркәсіп кешенінде шешімін таппаған мәселелер де бар. Ең бастысы, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу деңгейінің төмендігі. Қазір бұл көрсеткіш небәрі 1%-ды құрайды. Алайда ірі қара саны тұрақты түрде өсіп келеді, бұл қайта өңдеу саласын дамытуға мүмкіндік береді. Әсімдік шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізуге басымдық беріледі. Бұл егіс алқаптарын кеңейтіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға және суресурстарын тиімді пайдалануға жол ашады, — деді аймақ басшысы Серік Шәпкенов.

Ерекше атап өтерлігі, Атырауда бау-бақша өнімдері саласында едәуір ілгерілеушілік бар. Мәселен, Атырауда 2019 жылдан бері Dihan брендінен өсірілген көкөністер колжетімді бағада қала тұрғындарына ұсынылып келеді.

«Отбасы» шаруа қожалығы осылайша бірнеше жылдан бері көкөніс өсіріп, көпке қызмет етіп отыр. Аталған қожалыққа қарасты «Ардагер» жылыжайындағы жарты гектар жерде 11,7 мың түп қызанақ, тағы жарты гектар жерде 12 мың түп кияр өсірілген.

Атырау қаласы Дамбы трассасы бойында орналасқан Заросльы ауылында 10 гектар егістік жер мен 1 гектар жылыжай бар. Мұнда кияр, қызанақ, баклажан, шпинат, қытай қауаны, асқөк, салат жапырағы және басқа да көкөніс түрлері өсіріледі. Ал Махамбет ауданына қарасты Қарманов ауылындағы егістік алқапта 60 гектар жерге сәбіз, қырыққабат, картоп пен қызылша егілген.

Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Амангелді Саламаттың айтуынша, аймақтың агроөнеркәсіп кешені 2025 жылдың қантар-шілде айларында тұрақты өсім көрсетіпті. Есепті кезеңде ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 51,2 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 108,7 пайызға жеткен.



мың тұрғын сапалы ауызсумен қамтылмақ. Газдандыру жобалары да қолға алынып, аймақтағы 65 мың адам табиғи газға қол жеткізбек.

Аймақта цифрлық басқару жүйелері де енгізіліп, Aqmola Region Score платформасы арқылы аудандар мен қалалардың тиімділігі онлайн өлшеніп жатқанын атап өткен жөн. Жақын жылдары өңірдің «цифрлық егізі» жасалып, жасанды интеллектіге негізделген басқару үлгісі қалыптаспақ.

Жолдауда көтерілген міндеттердің іс жүзінде жүзеге асырылуына ұрпақтар сабақтастығын қолға алған ардагерлер де үн қосып отыр. Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің мұрындық болуымен «Қоғамдық келісім» мекемесінде Жолдауы мазмұнын талқылау жөнінде өткен пленумда 118 мың ардагерді біріктіретін ұйымның өкілдері Президент қойған міндеттерді жүзеге асырудағы өз үлестерін айқындап берді.

— Қазақстан үш жыл ішінде цифрлық елге айналуға тиіс. Ол үшін «Цифрлық кодекс» қабылданып, әр салада нақты қадамдар жасалуы қажет», — дейді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Нұғыманов.

Ақмола облысының бүгінгі беталысы — Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асырудың жарқын көрінісі. Инвестиция тарту, өндіріс пен энергетиканы жаңғырту, көлік дәліздерін кеңейту, цифрлық трансформация — барлығы да өңірдің болашағын айқындайтын аса маңызды басымдықтар болып отыр. Ең бастысы, бұл қадамдардың түпкі мақсаты халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, сонымен қатар елдің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған.

30 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ



Жуырда Музыкалық жас көрермен театрының «Шәкәрім» музыкалық драмасының премьерасы өтті. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай көрерменге ұсынылған туындының авторы – Ермек Аманшаев, режиссері – Асхат Маемиров. Премьера Қаллеки театрында сахналанып, зал үш күн қатарынан көрерменге лық толды.

«Шәкәрім» ДРАМАСЫ – РУХАНИ АЙНА

Бүгінге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы кеңкөлемді, екі актіден тұратын қойылым болмаған. Режиссер көрермен назарына Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы, оның терең философиясы, Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани байланыс, ақын өмір сүрген заманның кейіпін кеңінен бейнелеуді мақсат еткен. Асхат Маемиров спектакль алдында көрерменге ізгі тілек білдіріп, туынды бұрынғыдан өзгереді екенін тілге тиек етті.

— Хәкім Абайды айтқан кезде оның ақындық ортасы, ақындық мектебі туралы айтпай кете алмаймыз. Абай руханият ілімінің жалғастырушысы, рухани ұстаз, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірін, тағдырын, шығармашылық жолын арқау еткен спектакльге бәй дайындалдық. Театрдың этнофольклорлық ансамблі шығармаларды бастан-аяқ сүйемелейді. Композитор Бауыржан Ақтаев, хормейстр, хореографтар, киімдерімізді дайындаған азаматтар жанымызда отыр. Солардың бәрiнiң де еңбегі. 10–80-ге келген ақсақалдарды шымылдықтың ар жағындағы 25–30-дағы жігіттер сомдады, ол да онай шаруа емес. Дегенмен бiз шырқау шегiне жеттiк деп ойлаймын, — дейді Асхат Маемиров.

Туынды Шәкәрімнің сүйегін 30 жыл күзеткен ауыл адамы Қабыш пен ұлы Ахаттың диалогінен басталады. Алыпстан асқан Ахаттың әке рухымен тілдесуі жанды мұздатпай қоя берді. Ахат Шәкәрімұлы рәсіммен әкемнің сүйегі осы ма деп сенер-сенбес күзде тұрғанда, Қабыш Шәкәрімнің киімінен үзіліп түскен қайын түймені тауып алады. Осы тұста қойылымдағы көркемдік шындық пен тарихи шындықтың арасында тығыз байланыс бары анық көрінді. Абайдың інісі Ысқақтың немересі Мінәш апаның естелігінде осы түйме туралы дерек бар. Онда Ахат Шәкәрімұлы «Құдықты асықтай жалғыз барып қаздым. Қасымда кісі тұрса, көмектессе, сүйекті бүлдірер және қандай жағдайда жатыр деген күдік те болды. Бас көрінгеннен аялап, топырақты шашпай алғанда, қисық жаға көйлектің екі тана түймесі мөлдiрiп, кiмiм де сүйекке жабысып тұр екен. Бірақ қол тиген соң киім

үгіліп кетті» деп баяндаған. Қойылымның дәл осы сипатта басталуы көрерменді терең ойға шомуға, ары қарай не болар дегендей сан сауалға жетеледі. Ахат «Қайран, әкетайым-ау, осыншама зорлық көретіндей не жамандық жасап едің адамдарға?! Не қиянат қылып едің заманаға?!» деп әке рухымен тілдесіп, жан азабын ақтарлады. «Сабыр, балам... Қандай қияметке тап болсаң да, елге тілінді тигізбе, киесі ұрады. Заманға лағнет айтпа, балам. Тым болмағанда, жаназамды шығарып, адамша көмуге жарамағаны жаным батады. Жаратқанның жазғанына кінәрат айтудан сактан...» деп Шәкәрім рухының тіл қатуы ұлына емес, түгел қазаққа айтқан басуы іспетті.

Бұдан соң көрерменге әсер еткен деталь — ақсұңқар мен құзғынның тартыс-айқасы. Ақсұңқар — періште, құзғын — жын-шайтан. Ақсұңқар — ел қамын ойлаған Алаш азаматтары. Құзғын — сұм заманның кейпі, елді тоздырып, топалаңға түсірген жүйе. Әр көрініс сайын ортада ақ пен қараның күресі көркем түрде жүріп жатты. Екі символ отаршылдық дәуірде қазақтың екіге бөлінуін айқын көрсетті.

Қойылым Шәкәрімнің өлімі мен өміріне деген толғаныстан басталса, бұдан әрмен тамашалап отырып ақынның бала, бозбала, жігіт ағасы шағына саяхат жасайсын. Жас Шәкәрім мен Шәкәрім рухын бір етіп тұрған деталь — қарапайым ғана айна. Жас Шәкәрім айнаға қараса, алдынан ауызы опырайған, сакалы кудай қарияны көріп, оның өзі екенін түсінгенде, шошып кетеді. Айнаға қараған сайын өткен дәуірден суреті көлбеңдейді. Шәкәрімнің бала кезін сомдаған небәрі 9 жасар актер Даниал Нұрланның өнері көпшілікті сүйсіңтіп әкетті. Алты жасынан бастап киноға түскен өнерпаздың әр әрекеті шынайы. Құдайберді дүниеден қайтқанда, баласының өкелеп жылағаны көрермен көңілін тебіртті. Бала актермен тілдесудің сәті түсіп, әсерін білдік.

— Рөлiм аса қиынға соқпады, дегенмен күрделiсi — Шәкәрімнiң асық ойнап отырған жерiнен бiрден түрегеп, еке деп жылап жүргенi. Рөлге кастингтен өтiп тағайындалдым. Дайын-

дықта Абай, Шәкәрім шығармашылығы жайында қаншама мағлұмат естідім. Қазбек Есқара, Аян Өтепберген, Асылхан Төлепов сынды кәсіби мамандармен бiр сахнада өнер көрсетуiм — үлкен қуаныш. Репетиция өте қызықты болды, көп нәрсе үйрендiм. Уақыттың тез өтiп, қалай кеш батып, түн ауғанын байқамай қалатынымын. Театр әртістері тәттi-дәмдiсiн берiп, арқамнан қағып, аямай қолдап отырды. Түсiнгенiм, қазiр бiлiм алуға ұмтылуымыз керек. Оқу оқып, жан-жақты толысып, халыққа еңбек қылу Шәкәрім атамыздың арманы едi. Болашақ кiлтi тек бiлiмде, — дейдi жас актер.

Қазір Даниал Құлдана Әлиханқызының Artist studio өнер дамыту орталығында қосымша білім алып жүр. Өнер жолын Музыкалық жас көрермен театрының сахнасынан бастаған жас актердың алар асу әлі алда демекшіз.

Иә, қойылым жанры драма болған соң өлім, ел қайғысы көбірек суреттеледі, дегенмен жас Шәкәрімнің киім-киесі, ойнақы қылығы, өкшелі аяқкиіммен секіре билеуі, сан түрлі өнері жас көрерменнің көңілін жадыратып, күлкі де сыйлады. Шәкәрімнің жастық шағын ойнаған Аян Өтепбергеннің актерлік шеберлігі жұртты тәнті еткені анық. Ал екінші актіде ақын шығармашылығы, Абайдың қолдауымен шетелден білім алуы, ел ісіне араласып, әділ би болғаны, елдің ертенін ойлап, күңіренгені — бәрі-бәрі анық-қанық сипатталды. Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Қалың елім, қазағым, қайран, жұртым...», Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастаны, «Тумақ, өлмек — тағдырдың шын қазасы...», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» сынды өлеңдері, қос ақынның шығармашылығы бір-бірін толықтырып, қойылым идеясына мән қосып отырды.

Шәкәрімнің жан толғанысы жас көрерменге жана ой тастағандай. Қойылым авторы Ермек Аманшаевтың сөзімен айтсақ, қойылым — жай ғана өмір жолы емес, «ұлттың мәңгілік сұрақтарына жауап іздейтін рухани айна».

Айсұлу СЫЕЗХАН

AIR ASTANA: БІР УАҚЫТТА 2 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҮРГІЗІЛДІ

Air Astana Group алғаш рет 6 жылдық және 12 жылдық C-Check күрделі техникалық қызмет көрсету процедураларын бір уақытта жүзеге асырып жатыр. Жұмыстар елордадағы компанияның өзіне тиесілі техникалық қызмет көрсету орталығында жүргізілуде.



Әсет ҚАЛИ

Әдетте, C-Check — әуе кемелеріне жасалатын ең ауқымды әрі жауапты техникалық қызметтің бірі саналады. Ол ұшақтың операциялық тұтастығын растау үшін дерлік толықтай бөлшектенді, жүйелерін егжей-тегжейлі тексеруді және соңында сынақ ұшуын қажет етеді. Мұндай тексерістер барысында қозғалтқыштан бастап гидравликалық, электрлік және басқару жүйелеріне дейін түгел қамтылады.

Air Astana техникалық қолдау бөлімінің аға менеджері Темірлан Бағашар ангар ішіндегі жұмыстарды шоғырландырып, оның айтуынша, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

—Техникалық қызмет көрсетудің айырмашылығы бар: жылы жоғарырақ болған сайын жұмыстары да күрделілеу. Мысалы, алты жылдық техникалық қызмет көрсету 600-ден астам жұмыс түрін қамтыса, он екі жылдық 800-ден астам жұмыс түрін қамтиды. Әуелі ұшақ әкелініп, алғашқы жұмыстар сыртта, яғни ангар алдындағы алаңда атқарылады. Бұл жерде қозғалтқыш іске қосылып, барлық жүйелерге қарапайым сынақтар жасалады: гидравликалық сынақтар, басқару органдарының тексерістері және тағы басқалары.

Осы бастапқы сынақтардан соң ұшақ ангарға кіргізіліп, ұзақмерзімді әрі егжей-тегжейлі тексерістер үшін барлық қолжетімді панельдер шешіледі. Мұндай тексерістер барысында ұшақтың барлық жүйесінің жұмысы тексеріледі, барлық шығыс материалдар ауыстырылады. Егер ақаулар табылса, олар жөнделеді. Барлық жұмыстар аяқталған соң панельдер қайта жабылып, соңғы сынақтар жасалады. Соның ішінде қозғалтқышты сынау да бар, — дейді Темірлан Бағашар.

Алты жылдық C-Check-пен салыстырсақ, 12 жылдық C-Check одан да кең көлемде жүргізіліп, ұшақтың құрылымына, қанқасына, негізгі агрегаттарына және ұзақмерзімді бөлшектеріне ерекше назар аударылады.

— Біздің жасайтын тексерістерді қарапайым мысалмен түсіндірсек, белгілі бір жүріс не жасқа жеткенде көлікке міндетті түрде техникалық қызмет қажет болады. Кейбір бөлшектерді, сүзгілерді немесе майды ауыстыру керек. Ұшақтарға да дәл осылай өндірушілер (Airbus пен Boeing секілді компаниялар) қатаң регламент белгілейді. Біз сол өндірушілердің стандарттары мен кеңестеріне сәйкес жұмыс жасаймыз.

Кеше Қазмедиа орталығында Voice Beyond Horizon халықаралық жобасының таныстырылымына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Бұл ауқымды жобаны Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайбергеннің бастамасы мен ҚХР-дың Hunan Broadcasting System бірлесе қолға алып, жүзеге асырып отыр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Халықаралық байқаудың түсірілімі қыркүйек айының басында басталып, күні кеше аяқталды. Жоба ұйымдастырушылары жиынға екі сағат бұрын-ақ түсірілімді тәмамдап келгенін айтты. Жиын басында Димаш Құдайберген айрықша жоба туралы кеңінен айтты.

— Ауқымды жоба — туризмді, мәдениетті дамыту мақсатында қолға алынған халықаралық байқау. Сонымен қатар елімізде жанадан жарқ ететін жұлдыз туса екен деп ниеттік. Қатарынан 12 апта халықаралық байқау көрсетіледі. Қазақстанның атынан талантты, жезтаңдай әншіміз Нұржас Салдырбаев қатысады. Осындай жастарды жрыққа шығаруымыз керек. Менің өнердегі жетістіктерім мен атқарып жатқан қызметім ешқашан коммерцияны көздеген емес. Бастысы кейінгі өскелең ұрпаққа мәдени мирас

МӘДЕНИЕТ пен ТУРИЗМНІҢ ТОҒЫСЫ



қалдыруды көздеймін. Voice Beyond Horizon сынды жобаны жасау бұрыннан арманым еді. Ол алғашқы I Am a Singer жобасына қатысқан кезімде басталған еді. Осы жоба аясында көптеген құнды дүниелер мәдениет және туризмді дамыту тұрғысынан атқарылды деп ойлаймын. Байқауда қатысушылардың вокалдық мүмкіндіктеріне ғана мән берілмей,

еліміздің көрікті жерлерін көрсеттік. Мақсатымыз — туризм дамытып, экономикамызға үлкен септігін тигізу, — дейді Д.Құдайберген.

Президент кеңесшісі Әсел Жанасова аталған байқаудың мән-маңызына жан-жақты тоқталып, екі ел арасындағы мәдени қарым-қатынасты жақсартуға ықпалы зор екенін атап өтті.

— Бұл жоба мәдениет пен туризм саласында ғана емес, гуманитарлық бағытта да үлкен маңызға ие. Және екі елдің ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін жана кезең, өзара қарым-қатынасты жана деңгейге көтереді. Voice Beyond Horizon жобасы Қазақстанды халықаралық аудиторияға орналастырудың айрықша жолы болмақ. Мемлекет дамуының бір жолы көршілес елдерге туристік жерлерді көрсету, бұл әрекеттер осындай бағдарламалар арқылы жүзеге асады, — делі Ә.Жанасова.

Voice Beyond Horizon халықаралық байқауының басты ерекшелігі — қатысушылардың атаулы мүмкіндіктеріне ғана ден қойылмай, еліміздің көрнекті жерлері насихатталды. Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Италия, Малайзия және Сербия елдерінен келген қатысушылар шығармашылық сапармен еліміздің негізгі туристік, тарихи-мәдени орындарын пойызбен аралады. Жоба аясында Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Италия, Малайзия және Сербия елдерінен келген қатысушылар шығармашылық сапармен еліміздің негізгі туристік және тарихи-мәдени орындарын пойызбен аралады. Өнерпаздар пойыз арқылы елімізді аралап, туристік орындармен кеңінен танысты. Түсірілімдер Кагавансагау кешенінде, Каспий теңізі жағалауында, Бозжыра шатқалында, Көбейтүз және Қайыңды көлдерінде, Саты ауылында, Қапшағай су қоймасында және Шуцинск-Бурабай курорттық аймағында өтті.

Hunan TV арнасының «Көкжиек дауысы» жобасының атқарушы продюсері Wang Qin ауқымды жобаның екі ел үшін де маңызы жоғары екеніне сенім білдірді.

— Қазақстан мен Қытай мәдениеті күн сайын жақындап жатыр. Екі елдің ынтымақтастығын осы жоба арқылы көрсететін идеямен бастадық. Жоба түсірілімі қыркүйектің басында Қазақстанда басталған, Бүгін соңғы күні түсірілімді аяқтадық. Қытай Төрағасы Си Цзиньпин «Қытай мен Қазақстан көрші елдерміз. Біздің мәдениетіміз мәңгі болуы керек» деген сөзі бар. Voice Beyond Horizon екі елде де бір уақытта эфирде көрсетіледі, — дейді Wang Qin.

Баспасөз мәслихатында «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Даниел Сержанұлы Қытай туристерінің елімізге деген қызығушылығы артқанын атап өтті. ҚХР ірі іздеу жүйесі Baidu деректеріне сәйкес, 2025 жылғы қыркүйекте Қазақстан жайлы ізденістер саны тәулігіне орта есеппен 420–430 мыңға жеткен. Ең жоғары белсенділік Гуандун мен Чжэцзян провинцияларында, Бейжің қаласында, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында және Шаньдун провинциясында байқалды.

Жоба көрсетілімі аудиториясы 210 миллионнан астам көрерменге жететін Hunan TV телеарнасы мен Mango TV цифрлық платформасында және Qazaqstan корпорациясының ресурстарында жоспарланған.

 AMANAT MEDIA GROUP AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҒҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербалақ ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Талпырыс №4648 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Өлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
---	---	--	--	---